

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің

Х А Т Т А М А С Ы

Тереңөзек кенті

6 сәуір 2018 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында ауыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2017 жылдың қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

Баяндамашы: Б.Дүзімбетов- «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

Тыңдаудың төрағасы: Е. Ақпаев - «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Хатшысы: А.Тарбакова - «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі, кадр инспекторы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж. Балмағанбетов - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. Кент әкімі: Ж.Сыздықов
3. Аудандық ТҮКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бас маманы Б.Мырзахметов
4. Аудандық қоғамдық ұйымының төрағасы М.Омаров
5. Білім бөлімінің басшысы: Ү.Жұмабаева
6. Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің тілшісі Ш.Балтабайұлы
7. Тереңөзек кент еңбек ардагері Ғ.Үдербаев
8. Кент ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Тұрғанбаев
9. Сырдария өндірістік бөлімше басшысы Б. Дүзімбетов
- 10.Сырдария өндірістік бөлімше басшысы орынбасары М.Сарсенбай
- 11.Сырдария өндірістік бөлімше қызметкерлері: 32 адам
- 12.Тереңөзек кентінің тұрғындары.

Күн тәртібінде:

1. Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі ауыз су пайдаланушылар алдында су құбыры арқылы су тарату қызметінің 2017 жылдың есебін беру. Баяндамашы бөлімше басшысы Б.Дүзімбетов.
2. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі аудандағы Тереңөзек кенті және 13 елді мекендегі халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қызмет етеді. Бөлімшенің 18 су кешені бар. Онда 32 ұңғыма, 15 су жинайтын қойма (резервуар), 19 су мұнарасы, 228 өрт гидранты, 2580 құдық бар. Көшелердегі су желісі ұзындығы 283764 метр, тұрғын үйге тартылғаны 156096 метр, барлығы 439860 метр құрайды.

Бөлімшенің негізгі жұмысы аудандағы 32743 халықты норма бойынша жылына 490867 текше метр ауыз сумен қамтамасыз ету. Сол сияқты 130 мекемелер мен кәсіпкерлік субъектілеріне 32980 текше метр су беріледі. Жалпы шығындарды қосып есептегенде жылына 523847 текше метр су өндіріліп, таратылады.

Аудан бойынша сервистік жүйемен Тереңөзек кенті, А.Тоқмағанбетов, Инкардария, Аманкелді, Бесарық, Ақжарма, Сәкен Сейфуллин, Айдарлы, Қалжан-Ахун, Н.Ильясов елді мекендері 100 пайыз қамтамасыз етілді, Қоғалыкөл – 80 пайыз, Шіркейлі – 60 пайыз, Шаған – 20 пайызға орнатылып, Жетікөл ауылдары алдағы уақытта сервистік жүйемен кезең-кезеңімен қосылады деп күтілуде. Аудан халқын таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін су желілерін үнемі бақылауда ұстап, көшелердегі ақауларды су құбырларын уақытылы жөндеп, құдықтарын тазалап, қақпақтарын дәнекерлеп, бұзылған ұңғымаларын тазалап, ЭЦВ және орталықтандырылған насостарын ауыстырып, электроциттер жөнделіп отыр.

Ауыз су сапасы.

Ауыз су жүйелерінің жұмыстары қатаң бақылауға алынып, кент және елді мекендерде ай сайын суды гипохлорлауды жүргізіп, 3 дана акт жасалып 1 данасы Сырдария аудандық ТҚҚБ-на беріліп 2-ші данасы Арал салынып жатқан кәсіпорын бірлескен дирекциясының Қазсушар филиалына 3-ші данасы Сырдария өндірістік бөлімшесіне беріліп отырылады. Барлық су құбырларындағы құдықтар тазартылып, ауыз су сақтайтын резервуарларын, су мұнараларын залалсыздандыру жұмыстары кесте бойынша жүргізіліп, сертификаттандырылған мекемемен жылына бір рет келісім шарт жасалып, уақытылы атқарылуда. Сырдария аудандық ТҚҚБ-мен ауыз су сапасының санитарлық-химиялық және бактериологиялық сараптамасының арқылы ауыз су сынамаларын алуға келісім шарт жасалынады.

Сумен айналысатын қызметкерлерді арнайы қорғау киімдері: резеңке қолғаптар, резеңке етіктер, респиратор, халаттар, аптечка, өрт сөндіру құралдары, шелектермен жабдықталған.

Ауыз су төлемдерінің жиналуы.

Сырдария ауданы бойынша су тұтынушы жеке тұлғалар бойынша - 7233 абонент, 32743 - адам саны, 130 - мекеме саны.

Қазіргі таңда тұрғындардан пайдаланған ауыз су үшін төлемақы әр текше метр су есептегіш құралы жоқ тұтынушылардан 40 теңгеден, ал үйге кіргізіліп су есептегіш құрал орнатылса, 30 теңгеден төлем жиналады. Өзге жұмыстар бойынша – пломба басу, жеке үйлерге ауыз су қосудан (врезка) Әр ай сайын төлем жоспары бойынша бақылаушы-кассирлер елді мекен бойынша көрсетілген қызмет ақысын уақытылы жиналып отыр.

2017 жылдың 7 айдағы қаржылық мәселесі.

Қазсушар РМК Арал СЖКБД филиалына 2017 жылғы 1 тамыздан бастап табиғи монополияларды реттеу агентігімен бекітілген тариф бойынша 1 текше метр судың бағасы 386,95 теңге болып бекітілді.

2017 жылда Қоғалыкөл елді мекеніндегі Ы.Алтынсарин көшесінде орталықтандырылған ауыз су кешенінде ауыз су мұнарасы көтеріліп, халыққа сапалы ауыз су уақытылы беріліп отыр.

Ақжарма елді мекенінде Садық-Ахун, Әукенов көшелерінде 1500 метрге ауыз су құбырлары ауыстырылды.

2018-2020 жылдарға арналған күрделі жөндеу жұмыстары бойынша 2018 жылда атқарылатын жұмыстар Тереңөзек кентіндегі Н.Ильясов көшесі бойында диаметрі 110 мм болатын ауыз су құбыры ұзындығы – 1405 метр, Тоқтыбаев көшесі бойында диаметрі 160 мм болатын ауыз су құбыры ұзындығы – 980 метр, Құндызбаев көшесі бойында диаметрі 110 мм болатын ауыз су құбыры ұзындығы – 220 метр, Тажібаев көшесі бойында диаметрі 160 мм болатын ауыз су құбыры ұзындығы – 1200 метр күрделі жөндеу өткізіледі. Жалпы құны 32,7 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Тереңөзек кентінде тұтынушыларға кәріз жүйесі қызметін көрсетуді ұйымдастыру туралы.

Тереңөзек кентінде кәріз жүйелерінен аққан суларды айдайтын 5 насос станциялары (КНС) орналасқан. Оның ішінде №1 және №2 КНС-тарға айналасындағы ғимараттардан 4936 м өздігінен ағатын кәріз құбырлары тартылған. Ал насос станцияларынан бірінен-біріне және биологиялық тазарту станциясына дейінгі барлығы 9965,3 м күштеп айдау құбыр жүйесі бар.

Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 12 қыркүйектегі 2017 жылдың

№112-НҚ бұйрығына сәйкес Арал сарқынды суларды бұру қызметіне тариф 2017 жылдың 1 қазанынан бастап қолданысқа енгізіле отырып, халықтан 1 текше метр кәріз суына – 93,21 теңге, бюджеттік және басқа да мекемелер үшін – 230,02 теңге, жұмысшы саны – 16 адам болып бекітілген.

Қазіргі таңда кәріз су жүйесіне қосылған абонент саны – 115, 460 – адам саны, 12 бюджеттік мекеме, 1 заңды тұлға.

2016 жылдан бастап Тереңөзек кенті кәріз жүйесі толығымен жұмыс істеп тұр. Кәзіргі таңда 21 көп қабатты тұрғын үй, 13 бюджеттік мекеме кәріз жүйесіне қосылып, кәріз суларын КНС жүйесі арқылы кент сыртындағы биологиялық тазалау станциясына айдап отырмыз.

Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі тұтынушыларды ауыз сумен қамтамсыз ету үшін Тереңөзек кент және 13 елді мекендердегі ауыз су жүйелерінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, оның санитарлық нормаларын сақтап, ғимараттарды әктеу, сырлау, көркейту-көгалдандыру жұмыстарын да үнемі жүргізіп, күтіп ұстап, ұқыпты сақталуын қамтамасыз етіп келеді.

Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі ұжымы алдағы уақытта өз жұмысын жақсарту бағытында ізденіп, тиісті шаралар қабылдап, аудан тұрғындарын тұрақты, сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағытында өз қызметін жақсартып беретін болады деп, сіздерді сендіремін.

Шығып сөйлегендер:

1. Кент тұрғыны ардагер Қ.Үдербаев: елді мекен халқына ауыз су сапасы жақсы, уақытылы, жұмысшы-қызметкерлерін уақытылы ақау шыққан жерлерін жөндеп, сапалы жасайтындығын, халыққа қызмет істеу оңай емес екендігін түсіндіріп айтты. Мен Совет одағының кезінде аудандық коммуналдық саласында мекемесінде директор болып қызмет жасадым, ол кездері мекемеге аудандағы коммуналдық мекемелермен коммуналдық үйлер, көшеге су себу, сыпыру, күл-қоқысын шығару, жылу, монша, қонақ үйі халыққа қызмет көрсететін мекеме әр кезде жылды шығынмен аяқтайтын, оны жергілікті бюджеттен жауып отыратын. Кәзіргі кезде мүлдем басқаша. Сондықтан бөлімшенің жұмысы жақсы деп бағалаймын.
2. Аудандық ТҮКШ және АЖ бөлімі бас маманы Б.Мырзахметов, елді мекен халқына ауыз су сапасы жақсы, уақытылы, 100% су есептегіш құралмен есептесіп отырғанындығын жеткізіп айтып, жұмысшы-қызметкерлерін уақытылы ақау шыққан жерлерін жөндеп, сапалы жасайтындығын, халыққа қызмет істеу оңай емес екендігін түсіндіріп айтты.
3. Аудандық қоғамдық ұйымының төрағасы М.Омаров Тереңөзек кентінде 24 сағат ауыз су беріліп тұрғандығын айтып, сервистік жүйе жүргізілгендігін, су есептегіш құралдар орнатылғандығын айтып қортындылады.

Жиналыс төрағасы Е.Ақпаев: тағыда сөйлейтіндер бар ма?

Залдан - жоқ, жиналысты қортындылайық.

Жиналыс жоғарыда айтылғандарды тыңдап, төмендегідей шешім жасады.
Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі 2017 жылғы сапалы таза ауыз су беру қызметінің жылдық есебі тыңдалып, мақұлданды.



Қорытынды:

«Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 11:00-ге дейін

Тыңдаудың төрағасы:

Хатшысы:

Е. Ақпаев

А.Тарбакова

ХАТТАМА

Қармақшы ауданы

4 сәуір 2018 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2017 жылдың нәтижесі бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Е. Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Қ. Төлепов – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. Ж. Балмағанбетов- Қ Р ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. А. Қойшыбаев – Жосалы кент әкімінің орынбасары
4. А. Әбдиева - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
5. А.Пірманова - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер - экономисті.
6. С. Қосманбетов - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің Қармақшы ауылындағы насос станциясының машинисті.
7. І. Мереков - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің Ақтөбе ауылындағы насос станциясының машинисті.
8. Хатшы - Ғ. Есжанова - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Қармақшы ауылының тұрғыны А. Рахметов, Ақтөбе ауылының тұрғыны Т. Әбдіқалықова, Тұрмағанбет ауылының тұрғыны С. Дұрманов, Ақжар ауылының тұрғыны Б. Ахметов және тағы басқалар.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

1. «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2017 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша

тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі.
(Баяндамашы – Қ. Төлепов – бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы Жосалы кент әкімінің орынбасары А. Қойшыбаев тыңдауды ашты.

Қ. Төлепов күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2017 жылдың 1- маусымнан 31-желтоқсанға дейінгі кезеңдегі атқарылған жұмыстары бойынша баяндама жасады.

Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі аудан көлемінде 7 елді мекенді, атап айтқанда: Қармақшы ауылы, Ақтөбе ауылы, Ақжар ауылы, Тұрмағанбет ауылы, Алдашбай Ахун ауылы, Қуандария ауылы, Көмекбаев ауылы. Елді мекендердегі халық саны 8146 адам, 1606 абонент, 34 бюджеттік мекеме, 9 өзгеде мекемелерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді.

Қармақшы өндірістік бөлімшесінде жұмыс жасайтын 46 қызметкер, 11 дана техника, 7 насос стансасы (оның ішінде: 3-і су көтеру мұнарасы, 4-і су тарату стансасы), 62957 шақырым сервистік су желілері арқылы халыққа ауыз су тарату қызметін көрсетуде. Бөлімше бойынша 2017 жылы жоспарға сәйкес нақты таратылғаны 127 242,08 текше метр. Қаржылай көрсеткіші – 5 673 926 тенге, оның ішінде: тұрғындарға 120 883 текше метр, қаржысы 3 707 920 тенге, яғни 100 пайызға орындалды. Ал мекемелерге: 6 359,08 текше метр, қаржысы 2 460 646 тенге, жиналғаны 1 966 006 теңгені құрап 80 пайызға орындалды.

ҚР табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2017 жылғы 11 шілдедегі №86-НҚ бұйрығымен 1 текше метр ауыз су ҚҚС-сыз 345,49 (ҚҚС-мен 386,95) теңгені құрайтын уақытша тариф бекітіліп, тұрғындарға су есептегіш құралымен 1 текше метрге 30 теңгеден, су есептегіш құралынсыз 1 текше метрге 40 теңгеден ал мекемелерге тарифтің толық құнымен таратылды. Қармақшы өндірістік бөлімшесі арқылы 2017 жылы қабылданған 150 355 текше метр ауыз судың 127 242,08 текше метрі тұтынушыларға таратылып, 23 113 текше метрі ысырап болып, нормативтен тыс ысырап болған жоқ.

2017 жылы жоспарда жоқ ақауды жөндеу жұмыстары бойынша орын алған барлық 63 ақау жөнделіп қалпына келтірілді. Осы ішкі су тарату желісіндегі болған 63 ақаудың 12-сі Көмекбаев елді мекенінде, 8-і Қуандария елді мекенінде, 3- уі Алдашбай Ахун елді мекенінде, 6 – ы Тұрмағанбет елді мекенінде, 16-сы Ақжар елді мекенінде, 8-і Ақтөбе елді мекенінде, 10-ы Қармақшы елді мекені бойынша тіркелді.

Ақжар ауылында жаз айларында жалғыз ұңғыма су жеткізе алмай қиыншылықтар тудыратын еді. Жергілікті бюджеттен қаржы қаралып жаңадан ұңғыма қазылып 2016 жылдың желтоқсан айында пайдалануға берілді. 2017 жылы жаңадан қазылған ұңғыманы су сақтау қоймасы мен су көтеру мұнарасына қосып, жаңадан ғимарат салынып, қазіргі таңда жұмыс жасап тұр.

Есепті кезеңде жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстары атқарылып, ауыз су нысандарында жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының бекітілген кестесіне сәйкес 7 елді мекен бойынша 35 тен астам задвижкаларға, қайтарма клапандарға ревизия жасау, насос станциясы ішіндегі задвижкаларды сырлау, майлау, шіріген

болт гайкаларын ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан 225 дана көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, техникалық күтім жасалды. Бекітілген жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарына сәйкес насос станцияларының аула ішінде шөптерін шабу, кү қоқыстан тазалау, қураған талдарын кесу және жинақталған күл қоқыстарды елді мекен сыртына арнайы автокөлікпен және трактордың күшімен шығару жұмыстары жүргізілді. Елді мекендердегі I, II су көтеру насос станция ғимаратының сыртында және ішінде сылағы түскен жерлерді сылау үшін арнайы автокөліктермен құм тасылып, жұмыс жасайтын шеберлер, машинистер мен слесарьлар сылақ жұмыстары мен әктеу жұмыстарын жүргізді. Көмекбаев, Ақтөбе елді мекендердегі насос станцияларының аула ішіндегі қақпақтары шіріген, бұрыннан істен шығып жарамай қалғандарының орына жаңа қақпақ салынып, жан жағын цементтеп құю жұмыстары жүргізілді. Ақжар елді мекеніндегі I ұңғыма ішіндегі тозығы жеткен -d150 мм задвижка ауыстырылды. Ақтөбе және Ақжар елді мекеніндегі су көтеру мұнарасына дейінгі трубалардың шіріген жерлері жөнделді, насос станцияы ғимаратының төбесінен су ағатын жерлері битумная мастика мен құйылып, жаңадан қара қағаз төселді.

Көмекбаев ауылына 1- ші су көтеру насосы ЭЦВ 6-16-110, Қуандария ауылына ЭЦВ 6-10-110, Тұрмағанбет ауылына ЭЦВ 8-25-100 насостары жаңадан ауыстырылды.

Сондай-ақ барлық су тарату бекеттеріндегі электр желілеріне КРЭК мекемесімен келісім шартқа отырып, қажетті техникалық күтім жасалды.

Жоспарлы түрде күзгі маусым 28.09 - 29.09.2017 жыл аралығында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне және су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

2017 жылдың есепті кезеңінде өзге қызмет түрлері бойынша қаржылай көрсеткіші 134500 теңгенің жұмыстары атқарылды. Атап айтқанда:

- Пломба басу бойынша 460 дана, қаржысы 126500 теңге.

Өндірістік бөлімшедегі жұмысшы қызметкер жаздық-қыстық арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілді.

Шығып сөйлегендер:

I. Мереков – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің Ақтөбе ауылындағы насос станциясының машинисті - өз сөзінде таза су бағдарламасына сәйкес жұмыстар жүргізіліп жатқаны туралы айтты. Су желісінде ахау болған кезде дер кезінде жөнделіп, ысырапқа жол берілмейтіндігі туралы айтты.

Е. Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы - «2017 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі


Ауыз су тұтынушылар атынан Қармақшы ауылының тұрғыны А. Рахметов 2017 жылы үйімізге су желісі кіргізіліп берілді, ауыз судан ешқандай қиындық жоқ, тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз етіліп отыр деп ризашылығын білдірді.

Қорытынды:

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің 2017 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10⁰⁰нан-12⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы



Е. Ақбаев

Хатшы:



Ғ. Есжанова

ХАТТАМА

Жалағаш кенті

6 сәуір 2018 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында ауыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2017 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: Е. Ақпаев – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Н.Бекетов – «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі.
 2. Ж.Балмағанбетов – Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
 3. Ж.Тәттібаев – «ҚЭТТК» АҚ-ның Жалағаш аудандық электр торабының басшысы.
 4. С.Утенова- Жалағаш аудандық тұрғын үй коммуналдық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі.
 5. А.Табынбаев – «Қазсушар» РМК Қызылорда су шаруашылығы филиалының «Жалағаш су шаруашылығы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
 6. С.Сығайбаев – «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
 7. Г.Дандибаева – «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
 8. Н.Баймаханова – «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің инженер-экономисті.
 9. Хатшы Қ.Әбдуайтов – «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі Абонент бөлімінің басшысы.
- Тұрғындар: 4 және тағы басқалар.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

«Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі 2017 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі (Баяндамашы – Н.Бекетов – бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Е.Ақпаев тыңдауды ашты.

Н.Бекетов күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2017 жылдың 1-қаңтарынан 31-желтоқсанға дейінгі кезеңдегі атқарылған жұмыстары бойынша баяндама жасады.

«Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі аудан көлемінде 15 елді мекенді, атап айтқанда: Жалағаш кенті, Ақсу, Аққұм, Аққыр, Аламесек, Бұқарбай батыр, Жаңаталап, Жаңадария, Еңбек, Қаракеткен, Мақпалкөл, Мырзабай ахун, Мәдениет, Таң және Шәменов елді мекендерінің 6461 үй немесе 32138 адамды (38 бюджеттік және 67 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерге), үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз бойынша қызметін көрсетіп келеді.

Өндірістік бөлімшесінде жұмыс жасайтын 97 қызметкер (оның ішінде: негізгі қызмет бойынша - 94 қызметкер, өзге қызмет түрі бойынша 3 қызметкер), 11 дана автокөлік пен арнайы техникалар, 17 дана II-су көтеру насос стансасы, 32 дана су ұңғымасы, 30 дана су сақтау қоймасы мен 17 дана су мұнарасы, 202,63 шақырым ішкі су тарату жүйелері мен 63 дана қоғамдық колонкалар арқылы халыққа ауыз су таратуда.

Аудан бойынша барлығы 6461 абоненттің (32138 адам) 26,5% немесе 1715 абоненті (8770) су есептегіш құралымен, 43% немесе 2781 абоненті (13065 адам) су есептегіш құралынсыз, және 30,4% немесе 1965 абоненті (10303 адам) көше колонкасы арқылы ауыз суды пайдалануда.

Бөлімше бойынша 2017 жылы жоспарға сәйкес 425,45 мың текше метр ауыз таратылуы тиіс болса, нақты таратылғаны 422,017 мың текше метр.

ҚР табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2017 жылғы 11 шілдедегі №86-НҚ бұйрығымен 2017 жылдың 1 тамызынан бастап 1 текше метр ауыз судың құны ҚҚС-сыз 345,49 (ҚҚС-мен 386,95) теңгені құрайтын тариф бекітіліп, тұрғындарға су есептегіш құралымен 1 текше метр ауыз суға 30 теңгеден, су есептегіш құралынсыз 1 текше метр ауыз суға 40 теңгеден, ал мекемелерге тарифтің толық құнымен таратылды.

2017 жылы 497,1 мың текше метр ауыз су жер астынан өндіріліп, 422,0 мың текше метрі тұтынушыларға таратылса, 75,0 мың текше метрі ысырап болды. Оның ішінде: насос станцияларының аулаларын көркейту-көгалдандыру жұмыстарына, өрт сөндіру шығыны, су құбырлары бойында болған ақауларға – және жоспарлы түрде су қоймалары мен ауыз су жүйелерін көктемгі-күзгі жуып-шаю жұмыстарына.

Жалағаш кенті және Ақсу, Аламесек, Еңбек, Бұқарбай батыр, Жаңаталап, Таң елді мекендеріне тәулік бойы үздіксіз 24 сағат ауыз су таратылуда. Сервистік су жүйесі толық жүргізілмеген Аққұм, Мәдениет елді мекендеріне тәулігіне 8-10 сағат, ал Қаракеткен, Шәменов, Мырзабай ахун, Аққыр, Жаңадария, Мақпалкөл елді мекендеріне тәулігіне 3-6 сағат ауыз су беріліп отыр.

«Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына» сәйкес 2017 жылы Қаракеткен, Шәменов және Мырзабай ахун елді мекендерінің ауыз су жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген болатын. Бүгінгі таңда

Қаракеткен елді мекенінің ауыз су жүйесінің құрылысы толық аяқталып, нысанды пайдалану үшін қажетті құжаттары рәсімделуде. Ал Мырзабай ахун және Шәменов елді мекендерінің ауыз су жүйесінің құрылысы үстіміздегі жылдың аяғына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Аққыр, Жаңадария, Мақпалкөл елді мекендерінің ауыз су жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуге жобалық-сметалық құжаттамалары дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өткізіліп, бюджеттік өтінімге ұсынылған.

Жыл басынан бері ауыз суға қарызы қордаланған тұтынушылардан төлем ақы өндіру үшін бөлімше мамандарымен барлығы 10 рейд жұмысы ұйымдастырылды. Рейд нәтижесінде 550,0 мың теңге төлем жиналды.

Жоспарда жоқ ақауды жөндеу жұмыстарына барлығы 740,0 мың теңге қаржы жұмсалып, ішкі су тарату жүйесі бойында орын алған барлық 234 ақау жөнделіп қалпына келтірілді. Осы ішкі су тарату жүйесінде болған 234 ақаудың 108 Жалағаш кентінде, 126 елді мекендері бойынша тіркелді.

Ауыз су нысандарында жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының бекітілген кестесіне сәйкес кент және елді мекендер бойынша насос станса ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан 125 дана көру құдықтарының іші қоқыс пен лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан шойын қақпақтары жарамсыз болған 10 дана көру құдығына топсалы шойын люктер жаңадан орнатылып, ішіндегі істен шыққан 7 дана задвижкалары ауыстырылды. I-II су көтеру насос стансаларында орналасқан насос агрегаттарын және ашып-жауып реттегіш арматураларын майлап-сырлау, сальникті тығындарын ауыстыру, подшипниктерін майлау немесе ауыстыру, техникалық күтім жасау жұмыстары өз кезегімен жүргізілді. Есепті кезеңде қаржылай көрсеткіші 1544,5 мың теңгені құрайтын жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарын атқаруға жұмсалынды.

Насос агрегаттары күйіп, істен шығуының салдарынан ауыз су беру қызметін тоқтатпау мақсатында, жыл басынан бері жалпы сомасы 3623,3 мың теңгеге К және ЭЦВ типтік насос агрегаттары жаңадан қойылды.

Ашып-жауып реттегіш арматураларын ауыстыру және насос агрегаттарын орнату бойынша, 2017 жылы жалпы сомасы 721,4 мың теңге көлемінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ барлық су тарату бекеттеріндегі қосалқы электр стансаларына қажетті техникалық күтім жасалып, трансформатор майлары тексерілді. Істен шыққан немесе жарамсыз күйдегі электр жабдықтарын ауыстыру және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін, жалпы сомасы 357,8 мың теңге қаражат жұмсалынған. Ауыз сумен жабдықтау нысандарын жарықтандыру және насос қондырғысы арқылы үздіксіз ауыз су таратуға 16125,8 мың теңге қаражат жұмсалынған. Және де электр қондырғыларына техникалық күтім жасау жұмыстарына 750,0 мың теңге қаражат жұмсалынған.

Жоспарлы түрде көктемгі мезгілде сәуір айында, күзгі мезгілде қазан аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне және су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Осы жұмыстарды атқару үшін жалпы сомасы 249,9 мың теңгеге 250 кг гипохлорид кальция жұмсалынған.

Өндірістік бөлімшедегі жұмысшылардың барлығына арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілген.

2017 жылы барлық ауыз су нысандарының аумағын жасыл желекке айналдыру мақсатында санитарлық тазарту жұмыстары жүргізіліп, 17 нысан бойынша арықтар қазылып, тал отырғызылды.

2017 жылдың есепті кезеңінде өзге қызмет түрлері бойынша жұмыстар атқарылды, Атап айтқанда:

- Су өлшеуіш құралдарын орнату, пломба басу

Елді мекендерде ауыз суды сағатпен беруді жою жөнінде ҚР Үкіметі Мәжілісінің 18.10.2016ж. №36 санды хаттамасына байланысты филиалдың тапсырмасын орындау мақсатында елді мекендердегі су тарату бекеттері мен ішкі су желілері бойындағы қоғамдық колонкалардың техникалық жағдайлары тексеріліп, қажетті жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Сервистік су құбырлары жүргізілмегендіктен, тұрғындар ауыз суды қоғамдық колонкалар арқылы пайдаланатын Аққыр, Жаңадария, Мақпалкөл, Мырзабай ахун, Шәменов ауыл әкімдеріне ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан қоғамдық колонкадан мал суарға тиым салып, ауыз су ысырабын болдырмау үшін, су алып болған соң қоғамдық колонканы жауып кету жөнінде ауыл тұрғындары арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізілуде.

Қазіргі уақытта кентте орналасқан қоғамдық колонкалардың қалыпты жұмыс істеуі бөлімше тарапынан күнделікті қадағаланып, тұтынушыларға 24 сағат бойы ауыз су таратылуда.

Өз пікірін білдіру үшін сөз алған Жалағаш кенті, Қазыбек би көшесінің тұрғыны Н.Оразымбет су есептеуіш құралын орнату жолдарын сұрап, орнатқан жағдайда экономикалық жағынан тиімділігіне көз жеткізді. Алдағы уақытта СЕҚ-н орнатудың артықшылығын салыстырмалы түрде, тұрғындарға насихат жұмыстарын жүргізе беру керектігін атап айтты.

Кент тұрғыны Қ.Сауранбеков қазіргі таңда тәулік бойы су ағып тұрғандығын тілге тиек етіп, ауыз су пайдалануда ысырапқа жол бермей, үнемдеу керектігін айта келе, 2017 жылы өндірістік бөлімшенің нәтижелі атқарған жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

Қорытынды:

«Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт: сағат 15⁰⁰-ден – 17⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы

Хатшы:




Е. Ақпаев

Қ.Әбдуайтов

**«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы»
өндірістік бөлімшесіне қарасты елді-мекендерге «Ауыз су мен кәріз су
қызметін қамтамасыз ету» туралы 2017 жылы атқарған жұмыстары
бойынша жылдық қорытынды есеп беру жиналысының**

ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы

№ 1

09 сәуір 2018 жыл

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

**«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы»
өндірістік бөлімшесінің 2017 жылғы атқарылған жұмыстарының жылдық есебі
туралы**

Жиналыстың өткізілген орны: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті,
А.Құнанбаев көшесі, ғимарат 1Н.

Баяндамашы: Өндірістік бөлімше басшысы - Байтасов Булатбек Кескирович.

Тыңдаудың төрағасы: Е.Ақпаев – «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын
пайдалану бөлімінің басшысы.

Хатшысы: С.Жүнісова – «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау
жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізуші, кадр
инспекторы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

Ж.Балмағамбетов – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің
Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және
бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

Бөлімше басшысының орынбасары – Т. Жакипбеков, Бөлімшенің инженер-
технологы – Е.Жубаев, бөлімше қызметкерлері .

Тұрғындар: Наурыз елді-мекенінен Р.Әлжанова, Ж.Асқарова , Ақжарма а/о
Қ.Болтаева, Қарауылтөбе а/о-нен Ж.Қазанғапова , А.Блекешева, И.Шаменова,
Белкөл кенті А.Дарменова , Г. Мырзатова, Ақсуат а/о-нен Г.Муханова,
К.Жакенова, Қ.Қозыбағаров, Е.Қошанов, Ә.Батырғарина, Қараөзек елді-
мекенінен А.Балабекова.

«Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы – Е. Ақпаев тыңдауды ашты.

Өндірістік бөлімше басшысы Б.Байтасов, бөлімшеге қарасты 14 елді-мекен бойынша тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету барысында 2017 ж. атқарылған жұмыстары туралы жасалған баяндама оқыды.

Қызылорда қаласында қарасты 7 ауылдық округ оның ішінде 14 елді-мекеннің ауыз су және кәріз жүйелері филиал теңгеріміне қабылданып «Қызылорда» өндірістік бөлімшесіне берілді.

«Қызылорда» өндірістік бөлімшесі Белкөл, Белкөл-2, Абай, Досан, Қарауылтөбе, Ақсуат, Наурыз, Ақжарма, Талдыарал, Қараөзек, Айнакөл, Талсуат елді-мекендерін және Талсуат елді-мекені жанында орналасқан «Емханалық комплексін» тәулігіне 24 сағат, ал Бірқазан, Иіркөл елді мекендерін сервистік су жүйесі болмауына байланысты тәулігіне 4 сағат ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр.

Өндірістік бөлімше теңгерімінде 21 дана I-ші су көтеру насос станциясы, 7 дана II-ші су көтеру насос станциясы, 107,8 шақырымды құрайтын ауыз су құбырлары және ішкі ауыз су жүйелері бар.

Сарқынды суды бұру қызметі бойынша Белкөл кенті және Талдыарал елді-мекенінде 2 дана кәріз насос станциясымен 7,1 шақырымды құрайтын өздігімен ағатын және қысымдық кәріз жүйелері бар.

Өндірістік бөлімшеге қарасты **14** елді-мекендерде халық саны – **21 612**, абонент саны **4 779**. Оның ішінде су есептеуіш құралымен **4 532**, су есептеуіш құралынсыз **20** абонент болса, **256** абонент көше калонкасымен ауыз суды пайдаланады. Занды тұлғалар бойынша – **138** мекеме, оның ішінде **34** бюджеттік мекеме, **104** жеке кәсіпкер бар.

Жыл қорытындысы бойынша тұтынушыларға 456 292,46 текше метр ауыз су таратылды. Сарқынды суды бұру қызметі бойынша 112 505,83 текше метр сарқынды су бұрылды. Өзге қызмет (иная деятельность) түрлері бойынша жұмыстар атқарылды.

Жиналыс барысында, бөлімше басшысы Б.Байтасов өндірістік бөлімшенің құрылымы, жұмыс жағдайы, елді-мекендер мен оларға көрсетіліп жатқан қызметтер туралы толығымен таныстырып, 2017 жылдың қорытынды есебі бойынша баяндама оқып, слайд-шоу бойынша ақпарат берді. Елді-мекен тұрғындары, өз ұсыныстары мен пікірлерін білдірді. Наурыз елді-мекенінен келген тұрғын Ж.Асқарова ауыз су бойынша бірқатар шешілмей тұрған мәселелерді тілге тиек етті. Айтуынша, кей кездері түнгі уақытта уақытша ауыз су тоқтап қалады, кейде ауыз су лайланып кетеді. Осы мәселені біржақты шешіп

беруге өтініш жасады. Бөлімше басшысы Б.Байтасов, өтінішін қабылдап, уақыт созырмай тексеру жұмыстарын жүргізетінін жеткізді. Сонымен қатар, Наурыз елді-мекенінің тұрғыны Р.Әлжанова да Ж.Асқарованың сөзіне қосылатынын айтты және инспектор-бақылаушысы А.Блекешоваға алғыстарын айтып, жұмысына сәттілік тіледі. Тұрғындар жыл сайынғы техникалық қызмет көрсету бойынша, сонымен қатар ойларында жүрген сұрақтарын ортаға салды және қойылған сұрақтарына кең көлемде мағлұмат алды. Басшылыққа ауыз су сапасына аса мән беріп, 24 сағат үздіксіз берілсе деген ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Жиналыс соңына қарай тұрғындар басшылыққа және осы салада қызмет етіп жүрген қызметкерлерге алғыстарын жаудырып, жұмыстарына табыс, бірлік-береке тілеп, ауыз суды үнемдеп, ысырап етпей тиімді пайдаланайық деген қорытынды жасады.

Қорытынды:

«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін падаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылғы атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға берілді.

Өткізілген уақыты : 10:00-12:00 дейін.

Тыңдаудың төрағасы:



Е.Ақпаев

Хатшы:



С.Жүнісова

**«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Шиелі ауданының
оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік
бөлімшесінің**

Х А Т Т А М А С Ы

Шиелі кенті

5 сәуір 2018 жыл

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің магистралды су құбыры мен таратушы желілер арқылы ауыз су жеткізу қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2017 жылдың қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

Баяндамашы: Д.Абдухаимов- «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

Тыңдаудың төрағасы: Е. Ақпаев - «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Хатшысы: Г. Еркін - «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі, кадр инспекторы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж. Балмағанбетов - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. Б. Баймаханов - «Арал» СЖКБД филиалының экономика жоспарлау бөлімінің жетекші экономисті.
3. Т. Жағыпбаров - Шиелі ауданы әкімінің орынбасары.
4. П. Махамбет - «Нұр Отан» ХДП кәсіпорынның бастауыш партия ұйымының төрайымы.
5. Ә. Үмбетов - Шиелі кенті әкімінің орынбасары.
6. Ж. Әбдікамалов - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі.
7. С.Әбдіжапбаров инженер энергетигі, кәсіподақ төрағасы
8. Ж. Баядилов - Шиелі аудандық құрылыс бөлімінің уақытша басшысы.
9. Б.Сағындықов – «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің аға шебері.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы: Д.Абдухаимов - өндірістік бөлімше басшысы).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы - Е. Ақпаев тыңдауды ашты.

Д.Абдухаимов - өндірістік бөлімше басшысы күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2017 жылғы Шиелі ауданындағы 8-елді мекендердегі тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бөйынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады.

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің жалпы ұзындығы – 38,8 км. 8 елді мекені бойынша 11 ұңғыма, оның ішінде жұмыс жасап тұрғаны-8.

Табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органмен бекітілген ауыз су жеткізу қызметінің тарифі ҚҚС - мен – 386,95 теңгені құрайды, алайда тұрғындар әрбір пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне жеңілдетілген тарифпен (ҚҚС-мен – 30,40 теңгеден) төлем жасайды. Бекітілген тариф пен жеңілдетілген тариф арасындағы айырмасы мемлекеттік бюджет есебінен субсидиялар түрінде төленді және 2017 жылдың қорытындысы бойынша осы мақсатқа бөлінген субсидиялар толығымен игерілді.

Бөлімше осы 7 ай ішінде 8 елді мекендердегі 1326 абонент 6569 адам, 9 заңды тұлға және 5 субъектіні ауыз сумен қамтамасыз етуде. Осы абоненттердің су есептегіш құралымен 527 абонент, су есептегіш құралы жоғы 275 абонент, көше колонкасы 524 абонент болған еді, 2017 жылдың желтоқсан айының соңында су есептегіш құралымен 728 абонент, су есептегіш құралы жоғы 195 абонент, көше колонкасы 417 абонент болды. 7 ай ішінде 201 дана су есептегіш құралы орнатылды, соның ішінде кәсіпорынның калькуляциясына сәйкес өзге қызметтер бойынша су есептегіш құралын 37 абонентке орнатылды.

Қазіргі уақытта өндірістік бөлімшеде 37 жұмысшы-қызметкер еңбек етеді. Жұмысшылар барлығы дерлік арнаулы жұмыс формаларымен, аяқ киімдермен қамтамасыз етілген, еңбек ақылары уақытылы беріліп тұр. Өндірістік бөлімшеде жұмысшы қызметкерлерге берілген жұмыс киімдері мен қорғаныс құралдары белгіленген норматив бойынша тозу мерзімі жеткен кезде есептен шығарылады. Мерзімі жетпей жұмыс ерекшелігіне байланысты жарамсыз болған жұмыс киімдеріне акт жасалып есептен шығарылады.

Баяндамамызды қорытындылай келе бір жылда атқарылған істі бір сағатта толық баяндап беру мүмкін емес. Атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып өттік.

Мекемеде 6 бақылаушы-инспекторлар көше аралап, ауыз су ақысын жинауда, ғимаратта арнайы төлем кассасы жұмыс жасайды.

Сонымен қатар апаттық жағдай болған жағдайда диспетчерлік қызметке **4-16-26 байланыс телефон** арқылы хабарласа аласыздар.

Зейін қойып тыңдағандарыңызға Рахмет!!!

Шығып сөйлегендер:

1. Ж. Балмағанбетов - СЭС мекемесіне жылына қанша төлейсіздер деген сұрағына бөлім басшысы Д.Абдухаимов келісім-шартқа отырғанбыз, жылына 88780 (сексен сегіз мың жеті жүз сексен) теңге шамасында төлейміз.

2.Бәйгеқұм елді мекенінің ардагер төрағасы Дүйсенұлы Мұсахан тасымал судың тасымалданатын уақыттын сұрады.

Бөлімше басшысы Д.Абдухаимов арнайы су тасымалдайтын автоводовозбен бейсенбі, жұма күндері кестеге сәйкес немесе тапсырысқа қарай тасымалданады.

3.Ботабай елді мекенінің тұрғыны Маханбетов Ерім ауыз су бойынша тартылмай қалған көшелерге қашан тартылады.

Бөлімше басшысы Д.Абдухаимов Ботабай елді мекенінде ішкі ауыз су желісінің құрылысы Астана,Ахметов,Жеңіс,Бейбітшілік, Абай көшелері 4,94 шақырымды құрайды.

Бұл жобаларды 2018-2019 жылдары «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жүзеге асыру үшін бюджеттік өтінім ұсынылды.


Тұрғындардың жеке су желілеріне келісім шартқа отырып жылына бір рет техникалық күтім жасалатындығын және су өлшеуіш құралдарын орнату жөнінде және ай сайынғы тұтынылған ауыз судың қаражатын уақытында төлеп отыруларын ескертті.

Қорытынды:

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін

Тыңдаудың төрағасы:



Е. Ақпаев

Хатшысы:



Г. Еркін

ХАТТАМА

Жаңақорған кенті

05 сәуір 2018 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметі бойынша тұтынушыларға 2017 жылдың қорытынды есебін тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Е.Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы сумен жабдықтау нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. А.Сапаров – «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
2. Ж. Баймағамбетов – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ш.Смайлов-«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының өндірістік техникалық бөлімі инженері
4. А.Ахметов – кент әкімі.
5. Е.Сейлов «Аудандық тұрғын үй-Коммуналдық шаруашылығы, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы.
6. М.Қабетенов- Жаңақорған оқшау сумен жабдықтау жүйесін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі басшысы
7. Т. Сыздықов- Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
8. Ғ.Өмірбеков – Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
9. 7. Т. Сейсенов - « Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы » өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
10. К. Қалдыбаева - « Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы » өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің менгерушісі .
11. М. Қалтай - « Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы » өндірістік бөлімшесінің инженер -технологы .
12. А.Тотаева - « Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы » өндірістік бөлімшесінің инженер – экономисті.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе :

« Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы » өндірістік бөлімшесінің 2017 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (**Баяндамашы: М. Кабетенов - « Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы » өндірістік бөлімше басшысы**).

Жаңақорған ауданы бойынша барлығы 38 елді мекен бар. Оның ішінде 19 елді мекен яғни (Байкенже, Жаңарық, Әбдіғаппар, М.Нәлібаев, Ақсуат, Өзгент, Қожакент, Түгіскен, Келінтөбе, Қаратөбе, Қандөз, Көктөбе, ст.Бесарық, Бесарық ауыл округі, ст.Талап, Манап, Қыраш, Бірлік, Кейден) құрайды. Осы елді мекендер оқшау су жүйесімен насос станциялары арқылы ауыз сумен қамтылған. Бөлімшенің 19 елді мекенде су тарату насос станциясының ішкі ауыз су жүйесі 215,8 км шақырым.

«Жанақорған ауданының оқшау суменжабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі бойынша

2017 жылы II жарты жылдығында 12 елді мекеннің ауыз су жүйелерінің жағдайы өте төмен дәрежеде, ғимараттары техникалық жағдайы, технологиялық құбырлардың, ашып-жабу реттегіш арматуралардың, су қоймаларының, трансформатор қондырғылардың тозығы жеткен күйде қабылданған болатын. Бөлімшенің техникасы жоқ, құрал сайман шикізат материалдардың аздығына қарамастан бөлімше жұмысшыларының қол күшімен 40 аппараттық жағдайларды жөнделді. Тозығы жеткен жерлерге 250 м ПНД трубасы ауыстырылды, 160 көру құдықтары тазаланып абонентке таратылған сынған, тозығы жеткен винтельдері трубалары ауыстырылды, 10 елді мекенге ЭЦВ насостары ауыстырылып оның ішінде 7 елді мекенге жаңадан ЭЦВ насостары орнатылып, Тозығы жеткен, істемей қалған насос станцияларына 11 дана «К» типті насос қондырғылары ауыстырылып орнатылды. **2017 жылы** ай сайын бекітілген алдын ала жөндеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, ауыз су нысандарында кесте бойынша елді мекендер бойынша су тарту бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан **226** дана көру құдықтарының іші лайдан тазартылып ішіндегі **36** дана ашып-жабу арматуралары ауыстырылды. Өндірістік база және насос станциясы ғимараттарын әктеу, сырлау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар насос станциялары ауласына көркейту - көгалданыру жұмыстары атқарылды.

Елді мекендердегі тұтынушыларға **114,0 мың текше метр** су таратылып берілді. Ауыз су құбырлары мен құрылымдарының агрессивті жер астысуларына жақын орналасуына байланысты ауыз су жүйелерін пайдалану кезінде жиі-жиі аппараттық (авариялық) жағдайлар орын алып жатады.

«Қазсушар» Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорынның «Арал» СЖКБД филиалының – Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғай комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің **2017 жылдың 11 шілдедегі №86-НҚ бұйрығы** негізінде ауыз суға бекітілген баға ұсыныстарын жолдайды. Бүгінгі таңда филиалдың 2016-2021 жылдарға тарифтің шекті деңгейін бекітуге арналған өтінімі әкілетті органмен қаралып 2017 жылдың 01 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді. Кәсіпорын атауы: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитеті «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы. Ауыз су 1 текше метр қосымша құн салығын қоса есептегенде 386,95, ал қосымша құн салығынсыз 345,49. Қызмет көрсету уақыты 1 жыл.

2017 жылдың желтоқсан айынан бастап бөлімшеге 1 Газ 3309 су тасушы автокөлік бөлінген. Қазіргі таңда, бөлімшеге қарасты Қаратөбе, Ақсуат елді мекендеріндегі ұңғымадан шыққан судың кермектігімен ащылығына байланысты тұтынушыларға ауыз суды тасымал арқылы су тасушы авто көлік көмегімен су көлемі 1 м³ 40 теңге, 1 рейс ауыз су тасымалдау 3000 теңгеден тасымалданады.

Елді мекендер толық қанды 24 сағат сапалы ауыз сумен камтамасыз ету үшін 2017 жылдан бастап «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында қаржыландырылып отырған Жанақорған ауданында **4-ші** кезең жобасы Талап-Сырдария топтық жүйесінің құрылысы жүргізіліп келеді.

2017 жылы төмендегі көрсетілген баптар бойынша трафиктік сметаның орындалуы:

- Шикізат материалдар: жоспары **1 327 640** теңге, орындалуы – **100%**.

- Жанар-жағар май: жоспары 1 046 290 теңге, орындалуы 937059 теңге. пайызы 89,5 % құрайды.
- Қосалқы бөлшектер: жоспары 361 760 теңге, орындалуы 99 800 теңге. пайызы 27,5 % құрайды.
- Химреагенттер жоспары 108 380 теңге, орындалуы - 100%.
- Электротауарлар жоспары 178 110 теңге, орындалуы - 100%.
- Канцелярлық тауарлар жоспары 984 302,52, айырмасы -42 694, теңге,

Аталған кей баптардың орындалмау себебі қосалқы бөлшектер мен жанар – жағар майдың жетіспеуіне байланысты қаражаты игерілмей отыр.

2017 жылы өзге қызмет бойынша 6 айлық көрсеткіші
Атап айтқанда:

- Су өлшеуіш құралдарын орнату бойынша 143 дана.
- Су өлшеуіш құралдарын ауыстыру бойынша 17 дана.
- Пломба басу бойынша 875 дана, қаржысы 240625 теңге.

Қазіргі таңда 17 елді мекен бойынша 15 873 халық, 2641 абонент ауыз су пайдаланып отыр.

Оның ішінде тұрғындардан жеке су есептегіш құралымен 30,0 теңгеден, тұрғындардан түскен қаражат көлемі 839 610 теңге, ал су есептегіш құралынсыз 40,0 теңгеден жиналған қаражат 3 481 719 теңгені құрайды. Жалпы таратылған 104 616 текше метр судан түскен қаражат – 4 321 329 теңгені құрап 100 пайызға орындалды.

Ал мекемелерге: 7424 текшее метр, қаржысы 2185 246 теңге, жиналғаны 1903190 теңгені құрап 87 пайызға орындалды. Ал, қалған пайызының орындалмау себебі: Түгіскен елді мекенінде жаңа салынып жатқан мектептің құрылысын жүргізушісі ТОО «ТорстройБилдинг» мекемесі 282 056 теңге қаржы ауыз су берешегін құрап отыр.

Өндірістік бөлімшесі 2018 жылдың 1-ші қаңтарына бюджеттік және заңды тұлғалардың дебиторлық қарызы 282 056 мың теңгені құрап отыр, бұл қарыз 2018 жылдың есепті айларында өндірілуде.

2017 жылы жеке және заңды тұлғалардың дебиторлық қарызын өндіру бойынша 170 дана ескерту хаттар таратылды.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда өндірістік бөлімшеде 45 жұмысшы – қызметкерлер еңбек етеді. Жұмысшылар барлығы дерлік арнаулы жұмыс формаларымен қамтамасыз етілген, еңбек ақылары уақытылы беріліп отыр. 2017 жылдың желтоқсан айынан бастап бөлімшеге 1-BA3, 1 -CASE 570 экскаваторы, 1-Уаз фермер, Нива шевролет және Газ 53 су тасымалдаушы автокөліктер бөлінді. Осы аталған авто көліктер халыққа уақытылы әрі сапалы ауыз су беру мақсатында жұмыс атқарылуда.

Баяндамамызды қорытындылай келе 6 ай атқарылған істі жарты сағатта толық баяндап беру мүмкін емес. Атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып өттік.

«Су тіршілік көзі, өмірдің қуаты», «Судың да сұрауы бар» дейді, аққан судың қадірін білген дана халқымыз.

Біздің де Сіздерден өтінеріміз ауыз су төлем ақысын уақытылы төлеп отыруларыңызды сұраймын.

ЗЕЙІН ҚОЙЫП ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ.

Тұрғындар: Мұсаханов көшесі №7, Бейсенов Е. - Жанпейсов көшесі №4, Абдукаримов Құрбанбай - Аралбаев көшесі №9, Сунақата е/м тұрғыны Шынбаев Омар, Екпінді е/м тұрғыны А.Исаев, Еңбек е/м тұрғыны Ержитітов Ербол, Төменарық е/м тұрғындары Тлеубергенов Үсен, Бигеметов Аят, Қобыжанов Азамат, Қожамберді е/м тұрғыны Бегалиев Қайрат, Тұрсынбаев А. - Искендинов А.- Айдарбеков көшесі №4, Бисенов Е - Мусаев көшесі №7 және тағы басқалары қатысты. Қыраш елді мекен тұрғын – М.Маханбетов. Бірлік е/м тұрғыны- Б.Құрықбаев. Жаңарық е/м тұрғыны – Ш.Асанов. Өзгент е/м тұрғыны – М.Раманқұлов. Кейден е/м тұрғыны-С.Аппазов.

Сөз алғандар:

- **А.Ахметов** – кент әкімі өз сөзінде ауданда ауыз су мәселесі «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалына қосылғалы ауыз судың жағдайы бұрынғыға караганда әлде қайда жақсарғанын атап айтты.

- **Д. Айдарбеков** - кент тұрғыны басшысы өз сөзінде ауыз су тарататуда «Жиделі топтық су құбыры» Жаңақорған өндірістік бөлімшесі аудан халқына сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде, су құбыры бар тұтынушы еш кедергісіз ауыз сумен қамтылуда және алға ілгерушілік бар екенін айта келе, ауыз су төлемақысын толығымен халықтан жинап отыр, бұл жақсы жетістік екенін айта келе алдағы уақыттағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Сонымен қатар 4 кезең бойынша жүргізіп жатқан құбырлардың жұмысының сапасын қатаң түрде қадағалап, қабылдау керектігін айтып өтті.

- Ауыз су тұтынушылар атынан А. Сүгірбаев, Әлімкөл көшесі тұрғыны, А. Байзақов Қорған көшесі тұрғыны 2017 жылы өндірістік бөлімшесі кент су құбырындағы қиыншылықтарды жеңіп нәтижелі жұмыстар атқарғанын атап айтты, **қанағаттанарлық** деп бағасын берді.

Е.Сейлов - «Аудандық тұрғын үй-Коммуналдық шаруашылығы, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы. - өз сөзінде бөлімше түскен ұсыныстарды және орын алға апаттық жағдайларды дер кезінде орындап халықтың ықыласына бөленгенін, атқарылған жұмыстарға оң баға бере отырып, алдағы уақытта әлі де көп жұмыстар атқару керектігін айта келе, осы жетістіктік барлығы елбасы арқасы екенін, барлық бағдарламалар кезең-кезеңмен орындалуда-деп сөзін аяқтады.


Қорытынды:

«Жаңақорған ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылғы атқарылған жұмыстарына «қанағаттанарлық» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15⁰⁰ нан-17⁰⁰ -ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы

Хатшы:



Е. Ақпаев

А.Тотаева

ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

«03» сәуір 2018 жыл

«Қазушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің магистральдық су құбыры мен таратушы желілер арқылы су жеткізіп беру қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2017 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тындауы.

Тындаудың төрағасы: Е.Ақпаев – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандырын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тындауға қатысушылар:

1. Ж.Балмағанбетов – Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. И.Қапаров «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
3. Т.Алданазаров – «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
4. Ә.Ахмет – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы» Қазалы өндірістік бөлімшесінің басшысы.
5. А.Қалқаманов – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы» Қазалы өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
6. Ж.Сарқытұлы – «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің инженер-технологы.
7. Н.Түсіпбеков – «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
8. Ә.Мәшенбаев – «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің техник – программисті.
9. Ә.Өтеулі – «Намыс – құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы.
10. Д.Жамбылов - «Қазалы – су сервис» мемлекеттік коммуналды кәсіпорынының жетекші инженері.
11. Н.Байсақалов «ТемірЖолЖылу» мемлекеттік коммуналды кәсіпорынының цех басшысы.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі.(Баяндамашы:Өндірістік бөлімше басшысы – Т.Алданазаров).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Е.Ақпаев тыңдауды ашты.

Бөлімше басшысы Т.Алданазаров Күн тәртібінде қаралатын мәселелер бойынша өндірістік бөлімшенің 2017 жылғы Қазалы ауданына және де кент тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға баяндама жасады.

«Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты насос стансаларының саны – 6, ұңғыма саны – 6 дана. Қазалы ауданына қарасты 4-дана темір жол бекеттері мен 4 – елді-мекендерінің 364 тұрғындары мен 16 мекемелерін таза ауыз сумен қамтамасыз етті.

2017 жылдың қорытындысы бойынша өндірістік бөлімшеге қарасты тұтынушыларды таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 117965 текше метр су өндіріліп, 60360 текше метр ауыз су таратылды. Жаңадан қабылданған магистралды су құбырының апаттық жағдайда болуына байланысты 115-дана апаттық жағдай қалпына келтірілді. Соның салдарынан 57396 текше метр су шығыны болды. Бекітілген ауыз су тарифі ҚҚС-мен 386,95 тенге, су есептегіш құралы мен тұтынып отырған тұрғындар осыдан пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне 30 теңгеден, ал су есептегіш құралысыз тұтынып отырған тұрғындар 40 теңгеден су ақысына есептеседі. Бекітілген тарифпен екі арадағы айырмашылық қаржы Республикалық бюджеттен субсидия есебінен төленіп отырады. Бұл туралы Республикадан бөлінетін субсидия толығымен игерілді.

Өндірістік бөлімше бойынша су есептегіш құралымен тұтынып отқан абонент саны – 193, су есептегіш құралынсыз – 136, ал көше калонкасынан су тұтынушылар саны – 35. Және де «Өзге де қызмет» бойынша жұмыстар жүргізіліп, 7-дана су есептегіш құралдары жаңадан ауыстырылды.

Атап айтқанда:

1. Жеке тұлғалараға жаңадан су есептегіш құралын орнату - 4 дана.
2. Заңды тұлғаларға мерзімі өтуіне байланысты су есептегіш құралын ауыстыру – 3 дана.
3. Пломба басылмай қалған су есептегіш құралдарына пломба басу-92 дана.

Авариялық жағдайда тұрған магистральды су құбырларына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2017 жылдың қараша айында «Жылу ХХІ» ЖШС мердігер мекемесі арқылы d-250 мм жалпы ұзындығы – 1100 метр политэлинді су құбыры жаңадан ауыстырылды. Қаржысы – 15 854 017 тг құрады.

Авариялық жағдайда тұрған насос агрегаттарын ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

1. Ақкесек жерінде орнатылған ЭЦВ 8-25-110 3 – дана
2. Байқожа елді-мекенінде орнатылған ЭЦВ 8-40-90 1-дана
3. Байқожа елді-мекені №3 насос стансасына К 100-80-200 1-дана
4. Ақкесек жерінде орнатылған №2 су көтеру стансасына К -100-80-200 1-дана және К 80-50-200 1-дана
5. Майлыбас елді-мекені №4 насос стансасына К 100-80-200 1-дана
6. Көбек елді-мекені №5 насос стансасына К 80-50-200 1-дана
7. Әйтеке би кенті №6 су көтеру-тарату бекетіне К 100-80-200 1-дана, К 80-50-200 1-дана насос қондырғыларын жаңадан қосымша орнату жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі таңда, Ақкесек жеріндегі №3, №4 және №5 скважиналары және Байқожа елді-мекені №3 су көтеру бекетінде орнатылған скважина арқылы күнделікті 1300-1500 м³ аралығында өндіріліп отырған ауыз судан Байқожа, Майлыбас, Көбек, №98 Қызыл әскер, №99 Еңбекші қазақ, Ойынды, Алтай елді – мекендеріне тәулігіне 200 м³ ауыз су таратылып, 1100-1200 м³ ауыз су Әйтеке би кенті №6 су көтеру бекетіне қабылданып, «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырын пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты №1 су көтеру – тарату бекетіне тәулігіне 800-1000 м³ аралығында су беріліп, осы аталған су тарату бекеті арқылы 31 мекемелерге және 70 тұтынушы тұрғын үйлерді таза ауыз сумен 24-сағат үздіксіз қамтамасыз етіп отыр.

Оның ішінде:

бюджеттік мекеме саны – 9

Өзгеде мекемелер саны – 22

Тұрғын үй саны – 70.

Халық саны – 314.


Сонымен қатар, бүгінгі таңда - бөлімше бойынша 35 жұмысшы – қызметкерлер және 1-дана CASE эксковаторы, 1-дана УАЗ Фермер автокөлігімен жұмыс атқарылады. Жұмысшы – қызметкерлердің барлығы арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілген еңбек ақылары уақытылы беріліп отыр. Ауыз су тұтынушылар атынан «ТемірЖолЖылу» мемлекеттік коммуналды кәсіпорынының цех басшысы Н.Байсақалов жыл көлемінде ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету барысында атқарылған жұмыстарына оң бағасын берді.

Қорытынды:

«Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға жақсы деген баға берілді.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты – сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін

Тыңдаудың төрағасы:



Е.Ақпаев

Хатшысы:



Ж.Сарқытұлы

Х А Т Т А М А

Арал қаласы

02 сәуір 2018 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистральдық су құбыры мен таратушы желілер арқылы су жеткізіп беру қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2017 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: Е. Ақпаев – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруышылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж. Балмағанбетов- Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. И. Қапаров – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
3. А. Тасқынбаев – Арал аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы.
4. А. Орынбаев – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
А. Ахмет – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің басшысы.
5. А.Илиясов – «Нұр Отан» «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бастауыш партия ұйымының төрағасы.
6. А. Абдиханов – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің инженері.
7. Б. Төлегенов – «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
8. К.Маханова - «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің басшысы.
9. Ө.Мектепбаев – Арал қаласы Базар көшесі комитетінің төрағасы.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы: Бөлімше басшысы – И. Қапаров).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Арал» СЖКБД филиалының су шаруышылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Е. Ақпаев тыңдауды ашты.

Бөлімше басшысы И. Қапаров күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2017 жылғы Арал ауданы тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады.

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры өндірістік бөлімшесіне қарасты насос стансаларының саны 39, ұнғыма 38 дана. Арал және Қазалы аудандарының 130 мыңға жуық тұрғындары мен мекемелерін ауыз сумен қамтамасыз етеді.

2017 жыл бойынша Арал және Қазалы аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 3277680 м³ ауыз су өндіріліп, 2747834 м³ ауыз су таратылды. Арал ауданы бойынша 1 456 801,69 текше метр ауыз су таратылып, жоспарға сәйкес 100% орындалды. Бекітілген ауыз – су тарифі ҚҚС-мен 573,96 теңге, су есептегіші бар тұрғындар осыдан әрбір пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне 30 теңгеден, су есептегіші жоқ тұрғындар 40 теңгеден ақша төлейді. Бекітілген тарифпен екі арадағы айырмашылық қаржы Республикалық бюджеттен субсидия есебінде төленіп, бюджеттен бөлінген субсидия толығымен игерілді.

Өндірістік бөлімше Арал ауданының 43 елді мекенінің 13578 абонентін және Қазалы ауданына қарасты 22 елді мекеннің 13708 абонентін тұрақты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етеді. Оның ішінде Арал ауданы бойынша су есептегіш құралымен су ішіп отырған абонент саны 10510, су есептегіш құралынсыз -544, көше колонкасынан су тұтынушылар саны – 1123 және арнайы су таситын автокөлікпен қамтамасыз етілетін тұтынушылар саны – 1402 адам. Мекеме саны 332.

«Өзге қызмет» бойынша жұмыстар жүргізіліп 2017 жылы 1031 дана су есептегіш құрылғылары жаңадан ауыстырылды. Атап айтқанда:

- жеке тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру - 767 дана,
- заңды тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру - 46 дана,
- жеке тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату -218 дана.

2017 жылы 204 жеке тұлғаларға және 30 заңды тұлғаларға жаңадан су құбыры жүргізілді.

Сонымен қатар 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап Ақбасты елді мекенінде орнатылған су тұщыту қондырғысы бөлімше теңгеріміне қабылданып, қазіргі уақытта елді мекен тұрғындарын арнайы су тасымалдайтын автокөлікпен толықтай қамтамасыз етіп отыр.

«Нұрлы жол» бағдарламасы аясында қайта жаңғырту және кеңейту жобасы бойынша 7 елді мекенге ішкі су желілері жүргізілді. Атап айтқанда;

1. Сексеуіл кенті
2. Көнту елді мекені
3. Шижаға елді мекені
4. Аралкүм елді мекені
5. Қамыстыбас елді мекені
6. Аманөткел елді мекені
7. Бөген елді мекені

Авариялық жағдайда тұрған магистральды су құбырларына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді

1. Шоқы су – Сексеуіл магистральды су құбыры ПК00-ПК10 аралығы д-225мм, ұзындығы – 1000 м құбыры ауыстырылды
2. №14 Жаланапаш - №15 Жаланапаш магистральды су құбыры ПК40-ПК50 д-160мм, ұзындығы - 1000 м құбыры ауыстырылды
3. №15 Жаланапаш - №16 Жаланапаш магистральды су құбыры ПК150-ПК160 д-160мм, ұзындығы - 1000 м құбыры ауыстырылды
4. №5 Қамбаш су көтеру насос стансасы мен №6 Пионер лагерь 1а су көтеру насос стансасы магистральды су құбыры ПК20-ПК30 д-225мм ұзындығы – 1000м құбыр ауыстырылды.
5. №6 Пионер лагерь 1а су көтеру насос стансасы мен №7 Райым 2а су көтеру насос стансасы магистральды су құбыры ПК26-ПК36 д-225мм ұзындығы -1000м құбыр ауыстырылды.

Авариялық жағдайда тұрған Арал қалалық ішкі су құбырларын ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

1. Арал қаласы, Әубәкіров көшесі – 1000 м құбыр ауыстырылды.
2. Арал қаласы, Әубәкіров тұйығы – 900 м құбыр ауыстырылды.

Электр жабдықтары бойынша.

1. №17 Сексеуіл су тарату насос стансасының электр жабдықтарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі уақытта өндірістік бөлімшеде 283 жұмысшы – қызметкер еңбек етеді. Инженерлік-техникалық қызметкерлермен толық қамтылған. Жұмысшы – қызметкерлердің барлығы арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілген, еңбек ақылары уақытылы беріліп тұр. Ауыз су тұтынушылар атынан Арал қаласы Базар көшесі комитетінің төрағасы Мектепбаев Өмірзақ жыл көлемінде ауыз-сумен үздіксіз қамтамасыз ету барысында атқарылған жұмыстарына оң бағасын берді.

Қорытынды:

«Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты – сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:

Хатшысы:

Е. Ақпаев

А. Илиясов

ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

03 сәуір 2018 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2017 жылдың нәтижесі бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Е.Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ә.Ахмет – Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің басшысы.
 2. Ж.Балмағанбетов – Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы.
 3. Б.Абибуллаев – Қазалы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас маманы
 4. А.Тусипбекова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры.
 5. Т. Құлмаханов - «Қазалы-Теміржолжылу» МКК-ның шебері.
 6. И.Қапаров – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
 7. Н. Ізтілеуов – «ҚЭТТК" АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы
 8. Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы..
 9. Т.Алданазаров - «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
 10. Н.Аймағамбет - Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
 11. Хатшы - А.Қалқаманов - Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
- Тұрғындар: Аманов тұйығы көшесі № 12 үйдің тұрғыны Маманов Рубек, Ақан Сері тұйығы көшесі № 1 үйдің тұрғыны Айтжанов Азамат, Жастар көшесі № 11 үйдің тұрғыны Әбдреймов Нұрболат, Қазалы қаласы Әйтеке би көшесі № 3 үйдің тұрғыны Жолдаяқов Бақытбек және тағы басқалар.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

1. Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі 2017 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және

өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Ә.Ахмет-бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Е.Ақпаев тыңдауды ашты.

Ә.Ахмет күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2017 жылдың 1-қаңтарынан 31-желтоқсанға дейінгі кезеңдегі атқарылған жұмыстары бойынша баяндама жасады.

Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі аудан көлемінде 22 елді мекенді, атап айтқанда: Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы, Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Жалпак, Майдакөл, Түктібаев, Абай, Өркендеу, Бірлік, Қожабақы, Аранды, Пірімов, Жалантөс, Басықара, Лахалы, Отгон, Кәукей, Бозкөл, Тасарық және Мұратбаев ауылдары тұрғындарын және 317 мекеме мен кәсіпорындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді.

Қазалы өндірістік бөлімшесінде жұмыс жасайтын 189 қызметкер (оның ішінде: негізгі қызмет бойынша-187 қызметкер, өзге қызмет түрі бойынша 2 қызметкер), 17 дана техникасы, 23 насос стансасы (оның ішінде: 1-уі «Су тазалау-тарату» стансасы, 8-і су тарату-көтеру, 14-і су тарату стансасы), 2 дана су қыспақты мұнарасы, 301 шақырым бас су құбырлары, 352 шақырым ішкі су тарату және 247 шақырым сервистік су желілері мен 225 дана қоғамдық колонкалар арқылы халыққа ауыз су тарату қызметін көрсетуде. Бөлімше бойынша 2017 жылы жоспарға сәйкес 1 273 859 текше метр ауыз су таратылуы тиіс болса, нақты таратылғаны 1 291 033 текше метр, қаржылай көрсеткіші 165 671 510 теңге болса, оның ішінде: тұрғындарға 1 061 966 текше метр, қаржысы 33 692 370 теңге, жиналғаны 33 890 851 теңгені құрап 100,6 пайызға орындалды. Ал мекемелерге: 229 067 текше метр, қаржысы 131 979 140 теңге, жиналғаны 108 536 495 теңгені құрап 82 пайызға орындалды. Ал, қалған пайызының орындалмау себебі: «РЗА Асыл түлік» ЖШС-гінің ауыз су төлемін толық төлемеуінен болып отыр.

«РЗА Асыл түлік» ЖШС-гінің ауыз суға қарызын таратып айтқанда:

2015 жылы пайдаланғаны -82 828 текше метр, төлемі -45 483 948 теңге, төлегені- 3 190 064 теңге, қалған қарызы - 42 293 884 теңге.

2016 жылы пайдаланғаны -73 370 текше метр, төлемі -40 290 402 теңге, төлегені- 2 737 200 теңге, қалған қарызы- 37 553 202 теңге.

2017 жылдың 7 айында пайдаланғаны – 43 652 текше метр, төлемі – 25 088 658 теңге, төлегені – 1 811 000 теңге, қалған қарызы – 23 277 658 теңге.

Барлығы 2015-2017 жылдың тамыз айына дейінгі пайдаланғаны 199 850 текше метр, төлемі 110 863 008 теңге, төлегені 7 738 264 теңге, 01.08.2017 жылға дебиторлық қарызы 103 124 744 теңгені құрайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2017 жылғы 05 шілдедегі №79-НҚ бұйрығымен 1 текше метр ауыз суға ҚҚС-сыз **512,46** теңге, ҚҚС-мен **573,96** теңгені құрайтын уақытша өтемдік тарифы бекітіліп, тұрғындарға су есептегіш құралымен 1 текше метрге 30 теңгеден, су есептегіш құралынсыз 1 текше метрге 40 теңгеден, ал мекемелерге тарифтің толық құнымен таратылды.

“Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры” өндірістік бөлімшесі арқылы 2017 жылы қабылданған 1 404 458 текше метр ауыз судың 1 291 033 текше метрі тұтынушыларға таратылып, 113 425 текше метрі ысырап болды. Оның ішінде: насос станцияларының аулаларын көркейту-көгалдандыру жұмыстарына – 39 060 текше метр, өрт сөндіру шығыны – 197 текше метр, су құбырлары бойында болған ақауларға – 797 текше метр және жоспарлы түрде су қоймалары мен ауыз су жүйелерін көктемгі-күзгі жуып-шаю жұмыстарына – 73 371 текше метрді құрады.

2017 жылы жоспарда жоқ ақауды жөндеу жұмыстарына барлығы 1 314 179 теңге қаржы жұмсалып, ішкі су тарату желісі және магистралды су құбыры бойында орын алған барлық 153 ақау жөнделіп қалпына келтірілді. Оның ішінде: магистралды су құбыры бойында 21 ақау, ішкі су тарату желісінде 132 ақау орын алды. Осы ішкі су тарату желісіндегі болған 132 ақаудың 90-ы Әйтеке би кентінде, 36-ы Қазалы қаласында, 3-уі Мұратбаев, 3-уі Абай елді мекендері бойынша тіркелді.

Барлық тіркеліп, қалпына келтірілген 153 ақауға 797 текше метр ауыз су ысырап болды. Сервистік су жүйесі жүргізілген Әйтеке би кенті және су есептегіш құралы толық орнатылған елді мекендерге тәулік бойы үздіксіз ауыз су таратылуда. Ал сервистік су жүйесі жүргізілмеген қоғамдық колонкасы арқылы пайдаланатын елді мекендер тұрғындарына ауыз су норма бойынша белгіленген уақытпен таратылып келеді.

Жыл басынан бері мемлекеттен бөлінген субсидияны игеру мақсатында ауыз суға қарызы қордаланған тұтынушылардан төлем ақы өндіру үшін бөлімшеде барлығы 34 рейд ұйымдастырылды. Рейд нәтижесінде 1 087 120 теңге төлем жиналды.

Есепті кезеңде қаржылай көрсеткіші 9 005 421 теңгені құрайтын жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстары атқарылып, ауыз су нысандарында жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының бекітілген кестесіне сәйкес кент, қала, ауылдық елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан 725 дана көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалып, жалпы саны 63 дана ашып-жабу арматуралары, 6 дана өрт гидранты, 15 дана қоғамдық колонкалар және 32 дана шойын қақпақтар ауыстырылды.

Асфальт жолдың бойында ауыр жүк көліктері үстінен басып өту салдарынан үгітіліп сынып, жарамсыз болған Әйтеке би кентінде 16 дана, Қазалы қаласында 2 дана барлығы 18 дана көру құдықтарының темір – бетон қақпақтарын ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар бөлімшеге қарасты су тарату бекеттеріндегі ТП, КТП, КТПН-10/0,4кВ, ВЛ-10/0,4кВ, ВЛ-0,4кВ, дизельді электр стансаларына техникалық күтім жасау және күрделі жөндеу жұмыстарына филиалдан 10 994 055 теңге қаржы бөлініп, мердігер мекеме «АзияСтройЭнергоСервис» ЖШС-гі тарапынан тиісті жұмыстар атқарылды.

Жоспарлы түрде көктемгі сәуір айында және күзгі қыркүйек айында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына және су қоймаларына жуып – шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

2017 жылы барлық ауыз су тарату нысандарының аумағын жасыл желекке айналдыру мақсатында санитарлық тазарту жұмыстары жүргізіліп, 4 су тарату бекеті бойынша 855 метр аяқ су жүретін арықтар қазылып, 8 100 дана тал отырғызылды. Бұрыннан көктеп тұрған 8 012 дана тал күтімге алынды. Сондай-ақ 4 504м² жерге жоңышқа тұқымы, 1 317 м² жерге гүл егіліп күтіп – баптау жұмыстары жүргізілді.

2017 жылдың қаңтар – желтоқсан айларында өзге қызмет түрлері бойынша қаржылай көрсеткіші 11 329 965 теңгенің жұмыстары атқарылды.

Атап айтқанда:

- Су өлшеуіш құралдарын орнату бойынша 94 абонент, қаржысы – 333 796 теңге.
- Су өлшеуіш құралдарын ауыстыру бойынша 575 абонент, қаржысы – 451 799 теңге.
- Орталық су жүйесіне қосу(врезка) бойынша 112 абонент, қаржысы 795 168 теңге.
- Су құбырын жүргізу бойынша 3 480 метр, қаржысы 2 339 792 теңге.
- Пломба басу бойынша 1 695 абонент, қаржысы 466 125 теңге.
- Қайта пломба басу бойынша 53 абонент, қаржысы 29 150 теңге.
- Көру құдығынан су құбырын қайта қосу 4 абонент, қаржысы 15 252 теңге.
- Көру құдығының сыртынан су құбырын қайта қосу 1 абонент, қаржысы 9577 тг
- Техникалық қызмет көрсету 295 абонент, қаржысы 548 835 теңге.
- автокөлікке су толтырып беру қызметі бойынша 37 рейс, қаржысы – 6 825 теңге
- автокөлікпен ауыз су тасымалдау қызметі бойынша 4 256 рейс, қаржысы 6 333 646 теңге.

2017 жылы Әйтеке би кенті №1 су көтеру бекетінен жалпы сымдылығы 14 000 текше метр (7000м³ x 2 дана) су қоймасын салуға «Арал» СЖКБД филиалының инвестициялық бағдарламасы аясында бөлінген 307 768 710 теңге қаржы толық игеріліп, мердігер мекеме «РЗА» АҚ құрылыс жұмыстарын толық аяқтап, пайдалануға берілді.

Сонымен қатар «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында «Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласында сумен жабдықтау жүйелерінің құрылысын салу және кеңейту» жобасына бөлінген 1 865 860 000 теңге қаржының мердігер мекеме «КА-строй LTD» ЖШС-гі арқылы 01.01.2018 жылға 1 750 510 000 теңгесі игеріліп, жобада қаралған жалпы су құбырының ұзындығы 211 517 метр болса, орындалғаны 207 535 метрді құрайды. Атап айтқанда, Әйтеке би кентінде жобада қаралған ішкі су құбырының ұзындығы 72 507 метр болса, орындалғаны 72 507 метр және жоба бойынша сервистік су желісінің ұзындығы 96 270 метр болса, орындалғаны 92 288 метрді құрайды. Сонымен қатар жоба бойынша орнатылатын 1 195 дана көру құдығының 1 151 данасы орнатылып, монтаждалды. Ал Қазалы қаласында жобада қаралған ішкі су құбырының ұзындығы 20 100 метр болса, орындалғаны 20 100 метр және жоба бойынша сервистік су желісінің ұзындығы 22 640 метр болса, орындалғаны 22 640 метрді құрайды. Сонымен бірге жоба бойынша орнатылатын 477 дана көру құдығының 450 данасы орнатылды және жоба бойынша су есептегіш құралын

орнату жұмысы 4 065 дана болса, орнатылғаны 2 338 дана. Сонымен қатар жоба бойынша автокөлік жолдарын қайта қалпына келтіру жұмыстарының көлемі 27 280м² болса, орындалғаны 18 080м². Әйтеке би кентінде жобада қаралған 26 көшеге 2008-2012 жылдары "Қазалы қаласы мен Әйтеке би кентіндегі су құбырларын қайта құрылымдау" жобасының 2-ші кезегі бойынша су құбырлары жүргізілгендіктен 11 598 метр ішкі су құбырлары және бойына орнатылатын 444 дана көру құдықтары жобадан шығарылып, 330 млн теңге қаржысы кері қайтарылды. Жоба бойынша қалып қойған 115 350 000 теңгенің жұмыстары 2018 жылдың мамыр айына дейін толығымен аяқталады деп күтілуде.

Сонымен қатар «Жалаңтөс батыр елді – мекені тұтынушыларына сервистік су құбырын үйлерінің шекарасына дейін жеткізу» құрылысы бойынша филиалдың инвестициялық бағдарламасы аясында бөлінген 34 055 000 теңге қаржыға жоба бойынша 209 үйге 10 731 метр сервистік су құбырын жүргізу және қосымша 43 дана көру құдығын орнату қаралған. Мердігер мекеме «Реал Строй Инвест» ЖШС-гі арқылы 01.01.2018 жылға 27 255 000 теңгесі игерілді. Қалған 6 800 000 теңгенің жұмыстары 2018 жылы толығымен аяқталады деп күтілуде.

Сондай-ақ «Елді – мекен тұтынушыларына сервистік су құбырын үйлерінің шекарасына дейін жеткізу құрылысы» жобасы бойынша филиалдың инвестициялық бағдарламасы аясында 2018 жылы Басықара және Түктібаев елді мекендеріне сервистік су құбыры жүргізіледі деп жоспарлануда. Сонымен қатар Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл, Жалпақ ауылы тұрғындарын сервистік су құбырларымен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 20 300 000 теңге бөлініп, жоба – сметалық құжаттары қайта дайындалуда.

Өндірістік бөлімшедегі жұмысшылардың барлығы дерлік арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілген, еңбек ақылары уақытылы беріліп тұр.

Шығып сөйлегендер:

Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы: - өз сөзінде ауданымызда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруде біршама игі істер атқарылып жатқандығын айта келе, бөлімшенің жұмысында ілгерілеушілік бар екенін білдірді.

И.Қапаров – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы:

- «2017 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанына көз жеткіздік. Филиалға қарасты өндірістік бөлімшелер арасында барлық көрсеткіштер жағынан алдыңғы қатарда келе жатқан бөлімшеде үлгі аларлық жұмыстар бар екен»-деп атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Т. Құлмаханов - «Қазалы-Теміржолжылу» МКК-ның шебері:

- Ауызбіршілігі жарасқан бөлімше қызметкерлері тұтынушыларды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етумен қатар үйлердегі су құбырларына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын қолға алған. Сонымен қатар ауылдық жерлерде сервистік су желілерімен қамтамасыз ету жобалары іске асқан жағдайда, ауданымызда ауыз су мәселесі түбегейлі шешілетіндігіне көзіміз жетіп отыр. Алдағы уақытта бөлімшенің жұмысына сәттілік тілеймін.

Ауыз су тұтынушылар атынан : Аманов тұйығы көшесі № 12 үйдің тұрғыны Маманов Рубек, Ақан Сері тұйығы көшесі № 1 үйдің тұрғыны Айтжанов Азамат, Жастар көшесі № 11 үйдің тұрғыны Әбдреймов Нұрболат және Қазалы қаласы Әйтеке би көшесі № 3 үйдің тұрғыны Жолдаяқов Бақытбек тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз етілгендігін тілге тиек етіп, 2017 жылы өндірістік бөлімшенің нәтижелі атқарған жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

Қорытынды:

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2017 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10⁰⁰-нан-12⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы

Хатшы:



Е.Ақпаев

А.Қалқаманов

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің

Х А Т Т А М А С Ы

Шиелі кенті

05 сәуір 2018 жыл

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистралды су құбыры мен таратушы желілер арқылы ауыз су жеткізу қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2017 жылдың қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

Баяндамашы: А. Сарсембаев - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

Тыңдаудың төрағасы: Е. Ақпаев - «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Хатшысы: Г. Есжанова - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі, кадр инспекторы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж. Балмағанбетов - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. Б. Баймаханов - «Арал» СЖКБД филиалының экономика жоспарлау бөлімінің жетекші экономисті.
3. Т. Жағыпбаров - Шиелі ауданы әкімінің орынбасары.
4. П. Махамбет - «Нұр Отан» ХДП кәсіпорынның бастауыш партия ұйымының төрайымы.
5. Ә. Үмбетов - Шиелі кенті әкімінің орынбасары.
6. Ж. Әбдікамалов - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.
7. Ж. Баядилов - Шиелі аудандық құрылыс бөлімінің уақытша басшысы.
8. С. Шакиров - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
9. И. Баймағанбет - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің ЕҚ және ЕҚ инженері.
10. Ұ. Есжан - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің есепшісі.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (**Баяндамашы: А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы**).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы - Е. Ақпаев тыңдауды ашты.

А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2017 жылғы Шиелі ауданының тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады.

«Жиделі топтық су құбырының» жалпы ұзындығы - **489,4 км**, оның ішінде: Шиелі ауданы бойынша - **489,4 шақырым**. Насос станциясының саны - **17**, су мұнарасы - **15**, ұңғыма - **9** дана. Шиелі ауданының - **57 088** тұрғындары мен мекемелерін ауыз сумен қамтамасыз етеді. 2017 жылы өндірілген судың көлемі - **1 172 962 текше метр**, оның ішінде: Шиелі ауданы бойынша таратылған ауыз су көлемі - **1 001 248 текше метр**.

Табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органмен бекітілген ауыз су жеткізу қызметінің тарифі ҚҚС-мен - **573,96 теңгені** құрайды, алайда тұрғындар әрбір пайдаланған ауыз судың **1 текше метріне** жеңілдетілген тарифпен (**ҚҚС-мен - 30 теңгеден**) төлем жасалды. Бекітілген тариф пен жеңілдетілген тариф арасындағы айырмасы мемлекеттік бюджет есебінен субсидиялар түрінде төленді және 2017 жылдың қорытындысы бойынша осы мақсатқа бөлінген субсидиялар толығымен игерілді.

Өндірістік бөлімше - **10729 абоненті** бар, **17** - елді мекен тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етеді. Оның ішінде су есептегіш құралымен су ішіп отырған абонент саны - **9038**, су есептегіш құралынсыз - **1691**, көше колонкаларынан су тұтынушылар саны - **121**. 2017 жылы аудандағы **68** бюджеттік мекеме және **167** шаруашылық жүргізуші өзге мекемелермен келісім шарттар жасалып, қызмет көрсетілді.

Су өлшеуіш құралдарын ауыстыру жұмыстары бойынша тұрғындарға - **555** дана, мекеме бойынша - **9** дана ауыстырылды. Орнату жұмыстары жүргізіліп тұрғындар арасында - **316** дана, мекеме бойынша - **10** дана орнатылды. Өзге қызмет бойынша жұмыстар жүргізіліп - **801** дана су өлшеуіш құралы жаңадан ауыстырылды.

Қазіргі уақытта өндірістік бөлімшеде **111 жұмысшы-қызметкер** еңбек етеді. Жұмысшылар барлығы дерлік арнаулы жұмыс формаларымен, аяқ киімдермен қамтамасыз етілген, еңбек ақылары уақытылы беріліп тұр.

Өндірістік бөлімшеде жұмысшы қызметкерлерге берілген жұмыс киімдері мен қорғаныс құралдары белгіленген норматив бойынша тозу мерзімі жеткен кезде есептен шығарылады. Мерзімі жетпей жұмыс ерекшелігіне байланысты жарамсыз болған жұмыс киімдеріне акт жасалып есептен шығарылады. 2017 жылы мерзімі жетіп жарамсыз болған - **1 093 315 теңгенің** жұмыс киімдері мен қорғаныс құралдары есептен шығарылды.

Баяндамамызды қорытындылай келе бір жылда атқарылған істі бір сағатта толық баяндап беру мүмкін емес. Атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып өттік.

«Су тіршілік көзі, өмірдің қуаты», «Судың да сұрауы бар» дейді, аққан судың қадірін білген дана халқымыз.

Біздің де Сіздерден өтінеріміз ауыз су төлем ақысын уақытылы төлеп отыруларыңызды сұраймыз. Мекемеде он бақылаушы-инспекторлар көше аралап, ауыз су ақысын жинауда, ғимаратта арнайы төлем кассасы жұмыс жасайды.

Сонымен қатар апаттық жағдай болған жағдайда тәулік бойы диспетчерлік қызметке **4-19-99 байланыс телефон** арқылы хабарласа аласыздар.

Зейін қойып тыңдағандарыңызға үлкен алғысымызды білдіреміз. Рахмет!!!

Шығып сөйлегендер:

1. Ж. Балмағанбетов - СЭС мекемесіне жылына қанша төлейсіздер деген сұрағына бөлім басшысы А. Сарсембаев келісім-шартқа отырғанбыз, жылына 4 миллион шамасында төлейміз. Өзімізде лабораторияның ғимараты бар, құрал жабдықтары кезінде қаражат болмай алынбағанын айтып, жауабын берді.

2. Т. Жағыпбаров- Бас сағадан № 3 НС-ке екінші су құбырын тартуға ауданмен бірге мәселе көтеріп, оған дейін су жеткізу қалай болады?

Жауабын су нысандарын пайдалану бөлімшесінің басшысы Е. Ақпаев берді. Сунақ ата елді мекенінің тұсынан қосымша d-400мм ПЭ су құбырына **«электр қондырғысы»** орнатылатынын айтты.

3. Ә. Батырбаев - аудан ардагері. Кент ішіндегі кейбір көшелерге жаз айларында су бармайды, қандай амал қарастырылады? Өндірістік бөлімше басшысы А. Сарсембаев Достық көшесімен Құрманғазы көшесін өз күшімізбен қосып су айналмасын жасадық. Палмұхамбетов көшесіндегі d-110 мм ПЭ құбырында су айналма (кольцевой) өз күшімізбен жасадық. Тоқтаров көшесіне құбырдағы су қысымын көтеру үшін **«повыситель»** орнату жұмысын сәуір айында жасаймыз.

4. Техника жеткілікті ма? Бөлім басшысы А. Сарсембаев арнайы техникалардан автокран немесе манипулятор керектігін, қалған техникалар жеткілікті екенін айтты.

Тұрғындардың жеке су желілеріне келісім шартқа отырып жылына бір рет техникалық күтім жасалатындығын және су өлшеуіш құралдарының төрт жылда бір рет тексеруден заңды түрде өтілуін жиналысқа қатысушыларға тағыда ескертлді.

Қорытынды:

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылы топтық су құбырына қосылған тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:



Е. Ақпаев

Хатшысы:



Г. Есжанова

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жаңақорған» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметін тұтынушыларға 2017 жылдың қорытынды есебін тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Е.Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы сумен жабдықтау нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. А.Сапаров – «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
2. Ж. Баймағамбетов – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ш.Смайлов-«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының өндірістік техникалық бөлімі инженері
4. А.Ахметов – кент әкімі.
5. Е.Сейлов «Аудандық тұрғын үй-Коммуналдық шаруашылығы, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы.
6. М.Қабетенов- Жаңақорған оқшау сумен жабдықтау жүйесін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі басшысы
7. Т. Сыздықов- Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
8. Ғ.Өмірбеков – Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
9. Хатшы- Ж.Мурзаметова абонент бөлімінің меңгерушісі.

Тұрғындар: Мұсаханов көшесі №7, Бейсенов Е. - Жанпейсов көшесі №4, Абдукаримов Құрбанбай - Аралбаев көшесі №9, Сунақата е/м тұрғыны Шынбаев Омар, Екпінді е/м тұрғыны А.Исаев, Еңбек е/м тұрғыны Ержитітов Ербол, Төменарық е/м тұрғындары Тлеубергенов Үсен, Бигеметов Аят, Қобыжанов Азамат, Қожамберді е/м тұрғыны Бегалиев Қайрат, Тұрсынбаев А. - Искендіров А. - Айдарбеков көшесі №4, Бисенов Е - Мусаев көшесі №7 және тағы басқалары қатысты.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Жаңақорған өндірістік бөлімшесі 2017 жылғы көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі.

(Баяндамашы – Ғ.Шерниязов - бөлімше басшысы.)

Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің теңгерімінде **11 дана** су тарату насос станциялары бар атап айтқанда кент орталығында 3 дана, елді мекендерде 8 дана, ал магистралды су құбырының ұзындығы **59.85 шақырым** болса, кент және елді мекендердегі барлық ішкі ауыз су жүйелерінің ұзындығы **178.608 шақырым**. Жалпы ауыз су пайдаланушы тұтынушылар саны 4167 оның ішінде заңды тұлғалар 110 болса, 4057 жеке тұлғалар, кент бойынша 2426 абонент халқы 10514 адам, елді мекендерде 1631 абонент халқы 8793 адам. Жалпы 19307 адам.

2017 жылы Жиделі топтық су құбырының бас тоғанынан **534 638 м³** ауыз су қабылданып, топтық су құбыры жүйесіне қосылған тұтынушыларға **442 955 м³**

ауыз су таратылып берілді, техникалық ысыраптар **91 683 м³** құрады, немесе **17,15%**. 2017 жылы Жаңақорған өндірістік бөлімшесіне қарасты топтық су құбырлары бойынша **21 рет** магистралдық құбырында және **169 рет** ішкі су жүйелерінде авариялық жағдайлар орын алды. Апаттық жағдайлардың басым көпшілігі ыза судың, яғни тұзды судың жер бетіне жақын орналасуының салдарынан су құбырларының, фасонны часттердің, ашып-жабу арматуралардың шіріп тесілуіне әкеп соқтыруда. Ауыр жүк көліктерінің көру қадағалау құдықтарының үстінен өтіп құдық қақпағын сындырып сынық қалдықтары құдық ішіндегі құбырларға зиянын тигізу факторлары да тіркелді.

Топтық су құбырларына қосылған елді мекендердің ішкі су жүйелері салынғанымен сервистік су жүйелері тұтынушылардың өз күштерімен үйлеріне кіргізілуі сапасыз салынуына байланысты және ауыз су құбырларын жүргізу тереңдіктері сақталмауына байланысты, қыс мезгілінде тұрғындардың жеке ауыз су жүйелерінде апаттық (авариялық) жағдайлар көп болғандықтан ауыз су беру уақыты шектеліп отыр. Ал көктем, жаз айларында кенттің батыс және оңтүстік беткейлеріндегі көшелердің аяқ жақтарына ауыз су жетіспейді, себебі кент орталығында аяқ су мәселесі шешілмеген ауыз суды тұтынушылар аяқ суға пайдаланады. Айналма су жүйесі болмағандықтан және кейбір ауыз су жүйелерінің тозығы жеткендіктен жоғарғы қысыммен ауыз су тарату мүмкін болмай отыр.

Сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге байланысты, ҚР-ның Ұлттық экономика министрінің №209 бұйрығына сәйкес, жылына **2 рет** жоспарлы, көктемгі және күзгі, ауыз су жүйелеріне залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі. Тұтынушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету барысында өндірістік бөлімшенің ауыз судың сапасын анықтайтын лабораториясы болмауына байланысты ауыз судың сапасын аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет көрсету мекемелері арқылы, келісім-шарт негізінде қадағаланып, айына **2 рет** тексеріліп, зерттеуден өткізіп отырады. Санитарлық-эпидемиологиялық лабораторияларының зерттеуінен ауытқушылық табылған жағдайда жоспардан тыс залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі. Апаттық жағдайларда апат болған ауыз су жүйесі оқшауланып залалсыздандырылады.

Жаңақорған кентінде біраз тұтынушылар ауыз суды тасымалмен немесе сағатпен тұтынуға мәжбүр болып отыр. Өйткені кент толықтай таратушы желілермен қамтамасыз етілмеген, көптеген көшелердің ауыз сумен жабдықтау жүйелері тозығы жеткен. Осы мәселені шешу үшін 2017 жылдан бастап «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында қаржыландырылып отырған Жаңақорған кентінің 4-ші кезең құрылысы жобасы жүргізіліп келеді. Алайда бұл жоба аясында шешілмей қалып отырған мәселелер бар. Жоба бойынша 193,0 шақырым таратушы желілердің құрылысын салу қарастырылған. Бірақ бұл жоба бойынша сервистік жүйелер немесе қоғамдық су тарату колонкалары қарастырылмаған. Осыған байланысты толықтай ауыз су беру мүмкін емес. Осы мәселені шешу үшін Филиал өз күшімен «Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентінің тұрғын үйлеріне су құбырын жеткізу сервистік желісінің құрылысы» жобасын жобалау жұмыстарын жүргізуде, сметалық құны жобамен 1 млрд теңге болады деп жоспарланып отыр. Жоба жүзеге асырылғанда кенттің ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі толық шешімін табады. Ал елді мекендер бойынша Сунақата елді мекені бойынша ұзындығы 11,256 шақырым, 1996 жылы салынған. Төменарық елді мекені бойынша ұзындығы 28,3 шақырым, 2008-2009 жылдары салынған. Екпінді елді мекені бойынша ұзындығы 7,244 шақырым, 2008-2009 жылдары салынған. Еңбек елді мекені бойынша ұзындығы 3,74 шақырым, 2008-2009-шы жылдары салынған. Сүттіқұдық елді мекені бойынша ұзындығы 14,358 шақырым, 2008-2009 жылдары

салынған. Қожамберді елді мекені бойынша ұзындығы 8,71 шақырым, 2008-2009-шы жылдары салынған. Жайылма елді мекені бойынша ұзындығы 7 шақырым, 2008-2009-шы жылдары салынған.

Жиделі топтық су құбырына қосылған 7 елді мекен бойынша, Жайылма, Сүттіқұдық, Төменарық, Қожамберді, Еңбек, Екпінді және Сунақата елді мекендері ауыз сумен қамтылғанымен ішкі таратушы желілері толықтай тозығы жеткен және кеңейтуді қажет етеді. Осыған байланысты жергілікті ауыл әкімгершілік мамандарымен тұрғын үй коммуналдық шаруашылық мекемесінің қызметкерлерімен бірлесіп аталған елді мекендердің ішкі ауыз су жүйелерінің жарамдылығын және кеңейтуге жататын елді мекендерді анықтау барысында Жайылма елді мекенінде кеңейтуге 9,2 шақырым болса, Сүттіқұдық елді мекенінде кеңейтуге 4,2 шақырым, қайта жаңғыртуға 7,7 шақырым, Төменарық елді мекенінде кеңейтуге 6,3 шақырым болса, қайта жаңғыртуға 12,430 шақырым, Қожамберді елді мекенінде кеңейтуге 2,2 шақырым, қайта жаңғыртуға 8,128 шақырым, Сунақата елді мекенінде кеңейтуге 5,0 шақырым болса, қайта жаңғыртуға 9,030 шақырым, Еңбек елді мекенінде кеңейтуге 6,840 шақырым болса, қайта жаңғыртуға 1,9 шақырым, Екпінді елді мекенінде кеңейтуге 3,4 шақырым қажеттілігі анықталып Тұрғын үй коммуналды шаруашылық мекемесіне бірлескен актілері тапсырылды.

2017 жылы ай сайын бекітілген алдын ала жөндеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, қаржылай көрсеткіші **1 646706,51** теңгені құрайтын жұмыстар атқарылып, ауыз су нысандарында кестеге сәйкес кент және елді мекендер бойынша су тарту бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары мен магистрал бойында орналасқан **1071** дана көру құдықтарының іші лайдан тазартылып ішіндегі **54** дана ашып-жабу арматуралары **6** дана өрт гидранттары және **6** дана қоғамдық колонкалар ауыстырылды. Өндірістік база және насос станциясы ғимараттарын әктеу, сырлау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар насос станциялары ауласына көркейту - көгалданыру жұмыстары атқарылды. Барлық жұмысшы-қызметкерлер арнайы киімдермен қамтамасыз етілді.

2017 жылы өзге қызмет бойынша **12** айда қаржылай көрсеткіші **1 160 854** теңгенің жұмыстары атқарылды. Атап айтқанда :

- Су өлшеуіш құралдарын орнату бойынша **49** дана, қаржысы **171451** теңге.
- Су өлшеуіш құралдарын ауыстыру бойынша **65** дана, қаржысы **51025** теңге.
- Орталық су жүйесіне қосу (врезка) бойынша **41** дана, қаржысы **241900** теңге.
- Су құбырын жүргізу бойынша **269,9** метр, қаржысы **201940** теңге.
- Пломба басу бойынша **290** дана, қаржысы **79750** теңге.
- Су жүйесіне қайта қосылу бойынша **3** дана, қаржысы **15485** теңге.
- Техникалық қызмет көрсету **154** дана, қаржысы **277200** теңге.
- Автокөлікпен су таратып беру қызметі бойынша **73** рейс, қаржысы **105558** теңге.

2017 жылы Топтық су құбырларына қосылған тұтынушылар **4167** абонент болатын болса, су өлшеуіш құралдарын орнатылған абонент саны **3408**, немесе **81,7%**.

жеке тұлғаларға су есептеу құралдарын орнату жоспары бойынша **150** дана орнатылғаны **54** дана. орындалуы **36%**, Орындалмау себебі кент орталығы ескі су құбырларына ауыз су тарату уақыты 1сағат болғандықтан су есептеу құралын орнату мүмкін болмай отыр. Бұл жөнінде арнайы комиссия құрылып, акт жасалып филиалға жолданды. Ал заңды тұлғаларға орнату жоспары **25** дана, орнатылғаны **25** дана. орындалуы **100%**,

2017 жылы жеке тұлғаларға мерзімі келуіне байланысты су есептеу құралдарын ауыстыру жоспары **20** дана, ауыстырылғаны **60** дана. орындалуы **180%** Ал заңды тұлғаларға ауыстыру жоспары **60** дана, ауыстырылғаны **60** дана. орындалуы **100%**

Жалпы алғанда ауыз су үшін төлем тарифтері қосымша құн салығын қосқанда **573,96** теңге. Бюджеттік және заңды тұлғалар үшін төлем тарифі **573,96** теңге.

Ал жеке тұрғындардан су есептегіш құралымен **30,0** теңгеден, су есептегіш құралынсыз **40,0** теңгеден төлем алынады.

2017 жылға ауыз суға қарызы бар тұтынушылардан төлем ақы өндіру үшін бөлімшеде барлығы **6** рет рейд жұмыстары ұйымдастырылды. Рейд нәтижесінде **312615** теңге төлем жиналды.

Барлық заңды және жеке тұлғалармен келісім-шарт толығымен жасалды.

Барлық заңды және жеке тұлғалар компьютер базасына енгізіліп, ай сайынғы есебі жүргізілуде.

Сөз алғандар:

- **А.Ахметов – кент әкімі** өз сөзінде ауданда ауыз су мәселесі «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалына қосылғалы ауыз судың жағдайы бұрынғыға қарағанда әлде қайда жақсарғанын атап айтты.

- **Д. Айдарбеков** - кент тұрғыны басшысы өз сөзінде ауыз су тарататуда «Жиделі топтық су құбыры» Жаңақорған өндірістік бөлімшесі аудан халқына сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде, су құбыры бар тұтынушы еш кедергісіз ауыз сумен қамтылуда және алға ілгерушілік бар екенін айта келе, ауыз су төлемақысын толығымен халықтан жинап отыр, бұл жақсы жетістік екенін айта келе алдағы уақыттағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Сонымен қатар 4 кезең бойынша жүргізіп жатқан құбырлардың жұмысының сапасын қатаң түрде қадағалап, қабылдау керектігін айтып өтті.

- Ауыз су тұтынушылар атынан **А. Сүгірбаев**, Әлімкөл көшесі тұрғыны, **А. Байзақов** Қорған көшесі тұрғыны 2017 жылы өндірістік бөлімшесі кент су құбырындағы қиыншылықтарды жеңіп нәтижелі жұмыстар атқарғанын атап айтты, **қанағаттанарлық** деп бағасын берді.

Е.Сейлов -«Аудандық тұрғын үй-Коммуналдық шаруашылығы, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы. - өз сөзінде бөлімше түскен ұсыныстарды және орын алға апаттық жағдайларды дер кезінде орындап халықтың ықыласына бөленгенін, атқарылған жұмыстарға оң баға бере отырып, алдағы уақытта әлі де көп жұмыстар атқару керектігін айта келе, осы жетістіктік барлығы елбасы арқасы екенін, барлық бағларламалар кезең-кезеңмен орындалуда-деп сөзін аяқтады.


Қорытынды:

«Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің 2017 жылғы атқарылған жұмыстарына «қанағатаналарлық» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15⁰⁰нан-17⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы

Хатшы:



Е. Ақпаев

Ж.Мурзаметова

**«Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің тұтынушылар
алдында 2017 жылы атқарылған қызметтерге кезекті есеп беру
жиналысының**

Хаттамасы

Жосалы кенті

04 сәуір 2018жыл

Жиналыс төрағасы: «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Е. Ақпаев

Қатысқандар:

1. Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы Ж. Балмағамбетов

2. Жосалы кенті әкімінің орынбасары А. Қойшыбаев

3. С.Қабақов- өндірістік бөлімше басшысының орынбасары.

4. Н.Мамырбаев- өндірістік бөлімшенің инженер-технологі.

5. Н.Қыстаубаев- өндірістік бөлімшенің инженер-энергетигі.

6. С.Ақжігітов- өндірістік бөлімшенің аға механигі.

7. Ж. Қырбаев - өндірістік бөлімшенің аға шебері.

8. Ж. Қартамысов - өндірістік бөлімшенің шебері.

Көше комитеттері: Жәкеев Жақсыбай, Тұржанов Қуантай, Төребаева Бақыт, Кенебаев Қуанышбай, Әбжалиев Болат, Ақдәулетов Төрехан, Оразбеков Сәрсенбай, Бөгетов Әлдебай, Ағаділов Серғали, Игібаев Тыныбек, Мырзабаев Төленді, Құрманалиев Алматбек, Нұрғалиев Елтай, Сағындықов Жақсылық, Ералиев Сырлыбек, Жұмағалиев Сәбет, Боқтыбаев Ілияс, Сержанов Жайлыбек, Боранбаева Зоякүл, Ерболатов Мәскеубек, Бисенов Иса, және кент тұрғындары.

Жиналыс төрағасы Е. Ақпаев: «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2017 жылы атқарылған қызметтеріне есеп беру жиналысы ашық деп жариялансын. Баяндама жасауға сөз кезегі өндірістік бөлімше басшысы Медеуов Сақтапбергенге беріледі.

Өндірістік бөлімше бастығы С.Медеуов: «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде жұмыс жасайтын 96 қызметкер, 11 дана техника, III- Интернационалда 5 ұңғыма, Жосалы кенті Сарыөзекте 2 ұңғыма, 9 насос станция, 4 елді мекен бойынша 4662 абонентке, 37 бюджеттік және 118 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге мекемелерге ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

2017 жылға бекітілген ауыз су көлемінің жоспары – 494 336 текше метр болса, нақты орындалғаны 502 611 текше метр, яғни 101,7% . Оның ішінде:

Жеке тұлға бойынша – 451859 текше метр толығымен 100% орындалды;

Заңды тұлға бойынша – 42477 текше метр, орындалғаны 50 752 текше метр, яғни 119,5% орындалды.

Заңды тұлғалар бойынша барлығы 42 477 текше метр құрап, 11 айда түскен қаражат көлемі -24 439 997 теңге көлемінде болып, артығымен орындалды.

2017 жылы бекітілген алдын ала жоспарлы жөндеу жұмыстарының жоспарына сәйкес кент және елді мекендер насос станцияларының ішкі аулалық және ішкі су жүйесі бойында орналасқан көру құдықтарының ішін тазарту, ашып-жабу арматураларына және өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Өндірістік база және насос станция ғимараттарын әктеу, сырлау жұмыстары жүргізілді.

III- Интернационал I- су көтеру насос станциясының ұңғымалары, II- су көтеру бас насос станция, Iіркөл III- су көтеру насос станция және Жосалы кенті №4 насос станцияларына тұтынушыларды тұрақты түрде ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында дизель электр станциялары орнатылған.

2017 жылы «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімше бойынша ауыз суға байланысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Олар:

- №4 насос станция жанынан 5000 текше метрлік су қоймасы бар насос станцияның құрылыс- монтаж жұмыстары мердігер «РЗА» АҚ-мен атқарылып, тапсырылды. Сонымен қоса №4 насос станциясына Сарыөзек ұңғымасынан келетін суды тазартып, тұщыландыратын тұщыландырғыш қондырғысы орнатылды. Сараптама орталығымен судың сынамасын алып тексергенде құрғақ қалдық нормасы 1500мг/л

болса, тұщыландырғыш қондырғысынан алынған судың құрғақ қалдығы 600мг/л көрсетуде.

- Иіркөл елді мекенінің 176 тұрғын үйіне су құбырын кіргізу, 15 дана көру құдықтарын орнату және 7,6 шақырым су құбырын жүргізу мердігер «Ақмешіт- Мелиоратор» ЖШС-мен құрылыс- монтаж жұмыстары атқарылып, тапсырылды.
- Магистралды су құбырының 1500 метр және 2050 метр авариялық жағдайда тұрған бөліктері және Сарыөзек- №4 насос станция аралығындағы ұзындығы 2400 метр су құбыры күрделі жөндеу жұмыстары арқылы ауыстырылды.
- Иіркөл елді мекені №7 насос станция жанындағы бақылау ұңғымасын резервті ұңғыма ретінде алдын ала жоспарлы жөндеу жұмыстарымен іске қосылды.
- Жосалы кенті орталық бөлігімен шығыс жақ бөлігіне жаз айларында қысым көтеру (повысительный насос) насос қондырғылары Наурыз және Б. Момышұлы көшелеріне орнатылып, оң нәтижесін берді.
- Күрделі мәселенің бірі Жосалы кенті тұрғындарын 100% ауыз сумен қамтамасыз ету жобасы мердігер «Сэт Сервис» ЖШС-мен іске асты. Жоспар бойынша 1364 дана су өлшеуіш құралының орнына, 1383 дана ВСКМ-15 су өлшеуіш құралы орнатылды.
- Аудандық аурухананың 1986 жылы салынған шойын су құбырының орнына заман талабына сай полиэтилен су құбырына ауыстырылып, су мұнарасы арқылы тәулік бойы су берілуде.
- Дүрөңғар елді мекенінің 439 тұрғын үйіне су құбырын кіргізу, 55 көру құдықтарын орнату, 23,7 шақырым су құбырын мердігер «Ақмешіт- Мелиоратор» ЖШС-гі құрылыс- монтаж жұмыстарын жүргізді.

Дегенмен, Дүрөңғар ауылының тұрғын үйлеріне су құбырын кіргізу жұмыстарының кемшіліктерін жоюға кепілдік мерзімімен «Ақмешіт- Мелиоратор» ЖШС қалпына келтіру жұмыстарын атқаруда.

Осы «Ақмешіт- Мелиоратор» ЖШС- гі Мөлтек және Жастар ықшам аудандарына 2014-2015 жылдары 29 шақырым су құбырын жүргізген болатын, алайда су жіберіп тексеру барысында құбырдың қосылған жерлерінен су кетті. Аралап тексеру нәтижесінде 160 дана люктері ұрланғаны, темір- бетон жабулары және фасон бөліктерінің ұрланғаны анықталып, су беруге еш мүмкіндік жоқ. Осы екі ықшам ауданындағы 29 шақырым және индустриалды аймаққа жүргізілген 2,4 шақырым құбыр осы күнге дейін «Арал» СЖКБД филиалының теңгеріміне өтпеген. Қыс мезгілінің күрт суық болуына байланысты үйлерге кіргізілген сервистік құбырлардың қатып қалу жағдайлары көптеп орын алды. Диспетчерлік

қызметке 150 абонент хабарласып, авариялық бригада қатып қалған құбырларды көру құдықтары ішінен қыздырып, жібіту жұмыстарын атқарды.

Жосалы кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж Жакеев: Өндірістік бөлімше басшысының баяндамасына сәйкес аудан бойынша ауқымды жұмыстар атқарылған екен, дегенмен неге екіқабатты тұрғын үйлердің ішіне дейін су құбыры кіргізілмеген. Мөлтек, Жастар ықшам аудандарына су қашан беріледі?



Өндірістік бөлімше бастығы С.Медеуов: IV- кезең жобасы бойынша екіқабатты тұрғын үйлердің пәтерлеріне кіргізу қарастырылмаған, әр үйдің алдына көру құдық орнатылып, көше баспасы ретінде пайдалану қарастырылып іске асырылды. Мөлтек пен Жастар ықшам аудандарының су құбырының құрылыс- монтаж жұмыстарын атқарған мердігер «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС- гі қалыпқа келтіру жұмыстарын атқаруға уәде берді. Айта кету керек, екі ауданның 29 шақырым су құбыры осы күнге дейін «Арал» СЖКБД филиалының теңгеріміне өтпеген.

Жосалы кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж Жакеев: Өндірістік бөлімшемен 2017 жылы атқарған жұмыстарына «жақсы» деген баға бере отырып, алда істелетін жұмыстарға сәттілік тілеймін.

Жиналыс төрағасы Е. Ақпаев: «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының 2017 жылы атқарған жұмыстарының есебі тыңдалды, жиналысқа жиналған қауым атқарылған жұмыстарға «қанағаттанарлық» деген баға берді. Жиналыс осымен жабық деп жариялансын.

Жиналыс төрағасы :

Хатшы:



Е. Ақпаев

С. Қазбек